



В1 деңгейі

ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ САЯХАТ

Елесбаева Жанар Альмухаметовна

ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ САЯХАТ

В1 деңгейіне арналған

Астана, 2023

УДК 80/81(075)
ББК 81.2я7
Е50

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ әзірледі

Пікір жазғандар:

А.Фазылжанова, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Ш.Кыяхметова, Ілияс Жансүгіров атындағы университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Елесбаева Ж.

«Жетісу жеріне саяхат» В1 деңгейіне арналған оқу құралы. – Астана, 2023.
– 88 бет.

ISBN 978-601-08-3291-6

Ұсынылып отырған оқу құралы тілді оқып, үйренудің орта деңгейіне арналған. Оқу құралында грамматика қолданбалы сипатқа құрылып, функционалды-коммуникативті бағытта жүйеленді. Оқу құралының негізгі мақсаты – Жетісу жеріне келген саяхатшыларға нақты тақырыптардағы мәтіндер негізінде тіл үйренушілердің сөйлеу біліктілігін тапсырмалар арқылы жетілдіру, лексикалық қорын, грамматикалық білік-дағдыларын қалыптастыру болып табылды. Функционалдық грамматика арқылы тілдік біліктердің құрылымдық ерекшеліктерін меңгерту – оқу құралының негізгі мақсаты болып табылады.

Бұл оқу құралын әдіскерлер, оқытушылар, тіл үйренушілер мен саяхатшылар көмекші құрал ретінде қолдана алады.

ISBN 978-601-08-3291-6

- © Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2023
- © Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, 2023
- © Елесбаева Ж., 2023

Алғы сөз

Жер жаннаты Жетісу жеріне келген қонақтар мен саяхатшылар керемет табиғат, әсем қаламен көз тартар ауылдардың санынан шатасады. Бірақ соңында керемет орындардың жартысына да бара алмай қайтуы мүмкін. Себебі Жетісу жері көптеген табиғи қорықтарымен, мөлдір суларымен және тылсым орындарымен әрбір келген саяхатшыны таң қалдыра алады. Сондықтан бұл құралда Жетісу жерінің ең тамаша жауһарлары жайында тың мәліметтер жүйелі түрде берілген.

Оқу құралының басты мақсаты – саяхатшыларды өз бетінше тіл үйренуге дағдыландыру, қазақ тілді органы нығайту, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту болып табылды.

Оқу құралының басты міндеті – Жетісу жерінің керемет орындарын танып білу, саяхатшылардың мемлекеттік тілді тиімді меңгеруі, қазақ тілін таным құралына айналдыру болды.

Оқу құралы айтылым, оқылым, тыңдалым және жазылым сөйлеу әрекеттері бойынша тілдік дағдыларды бекітуге арналған тапсырмалармен ұсынылған.

Оқу құралының мазмұны 14 тараудан, әр тарау бір сабақтан құралған. Оқулықтың құрылымы функционалды-коммуникативтік негізге құрылған. Оқыту материалдары «түсінуге жеңіл», «қарапайымнан күрделіге қарай» ұстанымы бойынша құрастырылған.

Тапсырмалар тіл ұстарту, сөйлеуге дағдыландыру, сөйлемдерді күрделендіре білу мақсатын көздейді. Бұл тапсырмалар сөйлемнің әртүрлі бөліктерін пайдалана отырып, грамматикалық жағынан дұрыс, мағынасы бар, өз алдына қолдануға болатын сөйлеу мәдениетін құрай білуге жетелейді. Оқу құралының негізінде тілді кешенді және жеделдетіп оқыту әдісі жатыр. Курстың құрылымы мен оқу материалдары барынша нәтижеге жетуге бағытталған. Құралда тіл үйренушінің қызығушылығын арттыру үшін әр тақырыпқа сәйкес, «Артық болмас білгенің» айдарымен қызықты ақпараттар беріліп, әр сабақтың грамматикалық тақырыбы тапсырмалармен бекітілген. Сонымен қатар, кейбір сабақтарда тіл үйренуші өзін тапсырмаларды дұрыс орындағандығын өз бетінше тексере алуы үшін QR кодтар берілген.

Алынған мәтіндер мазмұны жағынан өмір талабына сай, тіл үйренушінің оқылым дағдысын жетілдіруге көмегі тиетіндей В1 орта деңгейінің лексикалық минимумы негізінде сұрапталып жазылған. Таңдап алынған тақырыптар тіл үйренушінің танымдық әлемін кеңейте алады. Сонымен қатар, әр тараудағы сабақтар келесі сабақпен жүйелі түрде сабақтаса байланысқан.

Тапсырмалар тыңдаушылардың сыни тұрғыда ойлануына, сұраққа жауап беруге бағытталған тапсырмалар оңайдан күрделіге қарай принципімен құрастырылып, алған білімдерін өздігінен іздеуіне, жұпта талқылап ой алмасуына негізделген.

Автор

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРІ



ОҚЫЛЫМ



ЖАЗЫЛЫМ



АЙТЫЛЫМ



ТЫҢДАЛЫМ



ГРАММАТИКА



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ



СҰРАҚ-ЖАУАП



Оқулықта қамтылған аудиоматериалдарды QR код арқылы
«Жетісу жеріне саяхат» телеграмм каналынан тыңдай аласыздар.



ҒИМАРАТТАР СІЗ ҚАЙ ҚАЛАДАСЫЗ?

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

арзан – дешевый
қымбат – дорогой
дүңгіршек – киоск
ғимарат – здание
елшілік – посольство
Мәдениет сарайы – Дворец культуры
жатақхана – общежитие
қиылыс – перекресток
өтпе жол – переход
жанында – рядом
алдында – перед
екі жағында – с обеих сторон

үлкен қала – мегаполис
шағын қала – небольшой город
автотұрақ – автостоянка
қалалық көлік – городской транспорт
жолақы – плата за проезд
кептеліс – пробка
бірлік – единство
сұлулық салоны – салон красоты
шаштараз – парикмахерская
орталық алаң – центральная площадь
өндірістік қызмет көрсету – производственное обслуживание

2. Мағынасы қарама-қарсы сөздерді табыңыз.

1. оң жақ –
2. солтүстік –
3. үсті –
4. батыс –
5. жақын –

сол жақ
асты
шығыс
оңтүстік
алыс

3. Берілген тірек сөздермен сөйлем құраңыз.

жанында, алдында, екі жағында




4. Тиісті сөздерді жазыңыз.

Олжас



барады.

Жанар



барған.

Анар



барады.

§ ГРАММАТИКА

Барыс септік

барыс септік → тәуелденген сөзге барыс септік
жалғауының жалғануы

§ ГРАММАТИКА

Атаулардан кейін келген зат есім тәуелдік жалғаудың III жағында қолданылады. Мысалы: Бұл көшеде Бикен Римова атындағы драма театры орналасқан. Атаулар:

- 1) Географиялық атаулар:
Қазақстан Республикасы – тәуелсіз мемлекет.
- 2) Әкімшілік-территориялық атаулар:
Талдықорған қаласы Қаратал өзенінің бойында орналасқан.
- 3) Кәсіпорындар мен мекемелердің атаулары:
Бұл көшеде «Береке» дүкені орналасқан.
- 4) Қоғамдық ұйымдардың атаулары:
Бұл қалаға «Жетісу» командасы келеді.

📖 ОҚЫЛЫМ

5. Мәтінді оқыңыз.

Талдықорған қаласы – Жетісу облысының орталығы. Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында Жетісу Алатауының батыс жағында орналасқан. Облыста Орталық Азия, Ресей мемлекеттеріне шығуға мүмкіндік беретін әуежай, теміржол станциясы бар.

Білім, мәдениет, туризм және халықаралық өндірістік қызмет көрсету орталығы ретіндегі әдемі қала. Қалада драма театры, филармония, мұражайлар, мәдениет және демалыс саябақтары, кітапханалар мен кинотеатрлар, стадиондар, спорт кешені, аквапарк және ипподром бар.

Талдықорғанда танымал ақын Ілияс Жансүгіров пен тұңғыш теміржол қатынастарының инженері Мұхаметжан Тынышбаев өмірге келген. Бикен Римова атындағы драма театры, Ілияс Жансүгіров атындағы әдеби музейі және ақын атындағы мәдениет сарайы бар. Талдықорған қаласының басты байлығы – ынтымақ пен бірлігі жарасып тұрып жатқан қала тұрғындары.

6. Төменде берілген суреттермен сөйлем құрастырыңыз, барыс септігіндегі сөздердің астын сызыңыз.



7. Мәтіннен тәуелдік жалғаудың III жағында тұрған сөз тіркестерін тауып, астын сызыңыз.

8. Дұрыс нұсқасын белгілеңіз.

№	Сөйлемдер	дұрыс «+»	бұрыс «-»
1.	Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы – Талдықорған қаласы.		
2.	Бұл қалада білім, мәдениет және туризм саласы дамымаған.		
3.	Қалада драма театры, филармония, мұражайлар, мәдениет және демалыс саябақтары, кітапханалар мен кинотеатрлар, стадиондар, спорт кешені, аквапарк және ипподром бар.		
4.	Бикен Римова атындағы драма театр, Ілияс Жансүгіров атындағы әдеби музей және ақын атындағы мәдениет сарайы салынып жатыр.		
5.	Талдықорған қаласының басты байлығы – әдемі ғимараттар.		

9. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азат жолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің негізгі ойын анықтаңыз.



ТЫҢДАЛЫМ

№1



10. Тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

Талдықорған қаласы – еліміздегі таза қалалардың бірі. Қалада жыл сайын жаңа ғимараттар салынады. 16 қабатты _____, _____, _____ мен _____, _____, _____ қаланың сәнін келтіріп тұр.

№2



11. Тыңдаңыз. Мәтінде жоқ ақпаратты сызыңыз.

1. Қонақжай бөлмелері, семинар, автодүкен
2. Баспахана, жазғы кафе, банкет залы, конференц-залы
3. Ұлттық асхана, іс-шара, автоколонна



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Жетісудың ежелгі қалалары Қызылаңғар қаласы

Жетісу жеріндегі ең ежелгі қала ретінде Үйсін патшалығының астанасы болған Шиє (Шығу, Чекук) қаласын атауға болады. Қазірге дейін Шиє қаласының орны туралы екі түрлі талас-тартыс бар. Бірі қала Текес өзенінің бойында десе, енді бірі Нарын өзенінің бойында дейді. Олардың да өз дәлелі бар. Осы қала туралы үшінші деректі тарихшы Молот Сұлтанов ұсынып отыр. Оның «Ескерусіз жатқан елеусіз ескерткіштер немесе кейбір атауларды жаңаша пайымдау» атты еңбегінде Шығу (Қызылаңғар) қаласы туралы: «Меніңше, Үйсіндердің Қызылаңғар қаласы, ел-жұрт ежелден-ақ мыңдаған жылдан бері мекендеп келе жатқан көне қоныстың орнында болған қала. Чигу, Чигучень, Қызылаңғар – атаулы қалалардың орны Жаркент аймағындағы Қорғас өзенінің тау жағынан шығып, орта тұсында орналасқан Басғұншы ауылының маңайы», – деп жазады. Әрі оны дәлелдеуге тырысып, жеті түрлі дәлел ұсынады. *(Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991 ж. 13-14-беттер, Қ.Салғараұлы Көмбе. Алматы 1989 ж. 20-бет).*

Қажет АНДАС




АЙТЫЛЫМ

12. Жұптық жұмыс. Мәтіндегі ақпараттарға сүйеніп, «Талдықорған қаласы» тақырыбында сұхбаттасыңыз.


13. Тірек сөздерге сүйеніп, «Қала ғимараттары» тақырыбында сөйлесіңіз.

Қала ғимараттары, қалаға бару, көрікті орындары, туризм саласы, тұрғындар, ауа райы, таза қала, лас қала, мәдени орындар, орналасқан, саябақтар, кең көшелер, сауда орындары, ойын-сауық орталығы, биік ғимараттар.

14. Суреттерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.



15. Бейнебаян бойынша Талдықорған қаласын сипаттап жазыңыз.



1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

әуежай – аэропорт
қонақүй – гостиница
бөлек – раздельно
естелік – воспоминание
кеден – таможня
кәдесый – сувенир

шағым – жалоба
өндіру – производить
дамыту – развивать
өңіраралық – межрегиональный
әлеует – потенциал
аймақ – регион



ОҚЫЛЫМ

2. Мәтінді оқыңыз. Мәтінге тақырып қойыңыз.

Мөлдір, Аман, Қаламқас Қазақстанға Өзбекстаннан келді. Олар қазір Талдықорғанда тұрады. Мөлдір мен Аман Жетісу университетінде оқиды, ал Қаламқас Қарағандыда оқиды. Олар бос уақыттарында Талдықорғанда кездеседі, бірге қыдырады, сөйлеседі, жаңалықтарды бір-біріне айтады. Міне, бүгін таңертең Мөлдір мен Аман Қаламқасты қарсы алуға Үштөбеге кетті. Сағат 10.00-де олар вокзалда болды. Осы кезде Қарағандыдан пойыз келді.

Кеше достар не істеу керектігін шешіп қойған. Бірінші олар орталықтағы суретшілер көрмесіне барады, содан кейін мейрамханадан түскі тамақты ішеді де, қаланы аралайды, ал кешке «Кешкі Талдықорған» деп аталатын экскурсияға барады.

? 3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мөлдір, Аман, Қаламқас кімдер?
2. Олар қайдан келді?
3. Олар қайда келді?
4. Қазір Қаламқас қайда тұрады?
5. Мөлдір мен Аман қайда тұрады?
6. Мөлдір мен Аман таңертең қайда барды?
7. Достар кімді қарсы алды?
8. Олар бірге қайда барады?

Қозғалыс бағытының берілуі

Қозғалыс сипатына қарай етістіктерді салыстырыңыз.

Келу (*қайда? қайдан?*) Ол мұражайға келе жатыр. Ол театрдан келе жатыр.

Бару (*қайда? қайдан?*) Ол университетке бара жатыр. Ол жұмыстан келе жатыр.

4. Тапсырманы үлгіге қарап орындаңыз. Сұрақтарға «жүру», «бару» етістігінің тиістісін қолданыңыз.

Үлгі: Дастан қазір университетте. Оның асханадан шай ішкісі келді. Ол асханадан келе жатыр ма немесе асханаға бара жатыр ма?

1) Гүлжан қазір №33 автобуста. Оның балетті көргісі келеді. Ол театрға бара жатыр ма немесе театрдан келе жатыр ма?

2) Оқытушы университетте. Оның деканмен кездескісі келеді. Ол деканатқа бара жатыр ма немесе деканаттан келе жатыр ма?

3) Асхана университеттің жанында. Түскі үзіліс. Олардың тамақ ішкісі келді. Олар асханаға бара жатыр ма немесе олар асханадан келе жатыр ма?

4) Мен қазір таксидемін. Менің сөздік сатып алғым келді. Мен кітаптар дүкеніне бара жатырмын ба немесе кітаптар дүкенінен келе жатырмын ба?

5) Туристер қазір пойызда. Олардың Талдықорғанды көргісі келеді. Олар Талдықорғанға бара жатыр ма немесе Талдықорғаннан келе жатыр ма?

Қозғалыс етістіктерінің шақтарда қолданылуы Қозғалыс сипатына қарай етістіктерді салыстырыңыз

Бару (*қайда?*). Ол үйінен университетке жаяу барады. Ол жұмысқа автобуспен барады, автобуспен қайтады.

Мен жұмысқа автобуспен барып жүрмін. Үйге автобуспен қайтып жүрмін. Мен жұмысқа жаяу барып, жаяу қайтып жүрмін.

Біздің таныстарымыз саябаққа жиі барады.

Мен жаяу жүрдім, жаяу бардым. Мен жаяу келдім. Мен автобуспен келдім. Біз театрға бардық.

5. Етістіктердің қолданысын талдаңыз.

- Қазір ол қайда барады?
- Қазір ол театрға бара жатыр.
- Ол кеше қайда барды?
- Ол кеше театрға барды (ол кеше театрда болды).
- Ол театрға жиі бара ма?
- Иә, жиі барады (жоқ, сирек барады).



ОҚЫЛЫМ

6. Мәтінді оқыңыз, танысыңыз.

Талдықорған қаласы

Талдықорған қаласы Жетісу облысының орталығы болып табылады. Ондағы тұрғындар саны 149 000 адамды құрайды. Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында Жоңғар Алатаудың батыс жағында орналасқан. Орталық Азия, Ресей мемлекеттеріне шығуға мүмкіндік беретін әуежай, теміржол станциясы бар. Жалпы мемлекеттік және облыстық маңызы бар автомобиль жолдары тораптарының жүйесі арқасында қала Қазақстанның басқа да қалаларымен, Орталық Азиямен, Ресеймен және Қытаймен байланысып жатыр.

Білім, мәдениет, туризм және халықаралық, өңіраралық, өндірістік қызмет көрсету орталығы ретінде аса тартымды қала. Қалада 4 жоғарғы оқу орны, 12 орта кәсіби білім мекемесі, 30 жалпы білім беру мекемесі жұмыс жасайды. Сондай-ақ, қалада драма театры, филармония, мұражайлар, мәдениет және демалыс парктері, кітапханалар мен кинотеатрлар, стадиондар, спорт кешені, аквапарк және ипподром бар.

? 7. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Талдықорған қаласы тұрғындарының саны қанша?
2. Қала қай жерде орналасқан?
3. Қала қай мемлекеттермен шектесіп жатыр?
4. Қалада қандай орталықтар бар?



АЙТЫЛЫМ

8. Сұхбатты оқыңыз, асты сызылған етістіктердің қолданысына назар аударыңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

а)
– Сәлем, Әсет, қайда барасың?

– Талдықорғанға.

– Сен онда жиі барасың ба?

– Иә, сенбі сайын барамын.

Сұрақтар: 1) Әсет қазір қайда барады?

2) Ол қайда жиі барады?

б)

– Ілияс, қайда барасың?

– Стадионға. Бүгін біздің тобымыз футбол ойнайды.

– Сен стадионға жиі барасың ба?

– Жоқ, сирек барамын, себебі менің бос уақытым аз.

Сұрақтар: 1) Қазір Ілияс қайда барады?

2) Ол қайда сирек барады?

9. Көп нүктенің орнына қажетті етістіктерді қойыңыз. (жүру, келу, бару, келе жатыр, бара жатыр)

а)

– Сәлем, Дастан! Қайда _____?

– Туристік сапарға.

– Мен сені сапарға кеше _____ деп ойладым.

– Иә, кеше құжаттарымды дайындағанмын, бүгін жолға _____.

б)

– Сәлем, Алмас! Қайда _____?

– Қонақ үйге. Сен ше?

– Мен де қонақ үйге _____. Ал сен, әдетте, қай қонақ үйге _____?

– Мен «Жетісу» қонақ үйіне _____.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Дүниежүзілік туризм ұйымының белгілеуі бойынша, әдетте, әлдекім 88.5км (55 ағылшын милі) қашықтыққа барып, кем дегенде 24 сағат аялдаса, онда ол турист болып есептеледі.

Әрине, туристердің бәрі де тек көңіл көтерумен шектеледі деуге болмайды, турист өзінің туристік сапары барысында көптеген тың ойлар мен шешімдерге келеді, жаңа жоспар жасауы, батыл шешімге келуі мүмкін.

Туризм ол мәжбүрлік емес. Жұмыс бабы да емес. Туысының алыс жердегі үйіне қыдырып, қонақ болып, не басқа бір себеппен бару да емес. Ол – бос уақыт шығарып, тек қызықтау мен көңіл көтеруге, тамашалау мен дем алуға

бола, жаңа нәрселерді көруге, басқа тұрмысты көруге, тың сезімге бөленуге, қауіп-қатерге тәуекел етуге, өзін басқаша сезінуге деген рухани талап.

10. Бір-біріңізден сұраңыз. Сұрақтарға толық жауап беріңіз.

1. Кеше қайда бардыңыздар, бүгін жұмыстан кейін қайда барасыздар?
2. Қазір сіз қайда жиі барасыз?
3. Сіз ертең, арғы күні, сенбіде, жексенбіде қайда барасыз?

11. Төменде берілген етістіктердің қолданысына назар аударыңыз.

Қозғалыстың басталуы: Нұрлан түскі тамағын ішті де кітапханаға кетті.

Қозғалыстың аяқталуы: Нұрлан кітапханаға келді де, сөздік алды.

Жоқ екендігі: Нұрлан үйде жоқ, ол кітапханаға кетіп қалған.

Қозғалыс ішке қарай: Нұрлан залға кірді де, «Сәлеметсіздер ме?» деді.

Қозғалыс сыртқа қарай: Дастан кітапханадан сағат кешкі жетіде шықты.

Бір жақтан басқа жаққа, бір пункттен басқа пунктке қозғалыс:

Дастан жолдан өтті. Дастанның отбасы Алматыдан Талдықорғанға көшті.



ТЫҢДАЛЫМ

№1



12. Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Диалог кімдердің арасында өтті?
2. Еркін қайда тұрады?
3. Неше баласы бар және олардың есімдері кімдер?



ЖАЗЫЛЫМ

13. Мәтінді оқып, тақырып қойыңыз. Төменде берілген кестені пайдаланып, асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Сенбі күні Бақыт пен Меруерт қала орталығына қыдырамыз деп шешті. Таңертең ас ішіп болған соң, үйден шықты. Олар Қаратал өзенінің жағалауындағы Қабанбай ескерткішіне автобуспен келді. Олар ол жерде бір сағаттай болды да, таксимен қаланың орталығына келді. Орталықтағы Өлкетану мұражайында бір жарым сағаттай болды. Содан кейін түскі тамақтарын ішіп, саябақта біраз қыдырды.

Барыс септік	Жатыс септік	Шығыс септік
Жаңа банкке.	Жаңа банкте.	Жаңа банктен.
Қызықты саяхатқа.	Қызықты саяхатта.	Қызықты саяхаттан.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

хабар – передача
жаңалық – новость
жазба – записка
жылы қарсы алу – теплый прием
болашақ – будущее
өткен – прошлое
қазіргі – настоящее
түске дейін – до обеда
үзіліс – перерыв
күннің батуы – закат солнца
таң, таңсәрі – рассвет
күннің шығуы – восход солнца
жұмыс кестесі – график работы
жүк – груз
тас жол – шоссе

уақыт белгілеу – назначить время
мереке – праздник
бос уақыт – свободное время
кездесу – встреча
қабылдау – прием
қол алысу – рукопожатие
еңбек демалысы – трудовой отпуск
демалыс күн – выходной день
жұмыс күн – рабочий день
қонаққа бару – ходить в гости
мерейтой – юбилей
қонақ шақыру – приглашать гостей
апта соңы – конец недели
теміржол – железная дорога
бекет – станция



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

-сыз/-сіз болымсыз жұрнағы

Біз кинотеатрға олар**сыз** бардық.
Ертең күн жел**сіз** болады.

2. Тиісті жұрнақты қойыңыз.

Үй...

Жол...

Жан...

Мәтін...

Киім...

Еңбек...



Ермек...

3. Жұптастырыңыз және тексеріңіз.

Бір минутта	24 сағат бар
Бір тәулікте	7 күн бар
Бір ғасырда	12 ай бар
Аптада	60 минут бар
Бір жылда	60 секунд бар
Бір сағатта	100 жыл бар

4. Оқыңыз және суретпен сәйкестендіріңіз.

1. Таңғы уақыт: 6° - 12°
2. Түскі уақыт: 12° - 17°
3. Кешкі уақыт: 17° - 22°
4. Түнгі уақыт: 22° - 6°



АЙТЫЛЫМ

5. Жүппен жұмыс. Бос орынға керекті сөздерді орналастырыңыз.

Дүкен	
Емхана	
Банк	
Дәмхана	
Мейрамхана	
Мамандар	жұмыс істейді.
Оқытушылар	

Кеншілер
Қорғаушылар
Жұмысшылар




ОҚЫЛЫМ

14. Оқыңыз.

3,5 мың жыл бұрын Вавилондықтар күн сағаты – Гномонды қолданысқа енгізді. Қиғаш шеңбер тас ортасына жіңішке ағашты орнату арқылы уақытты біліп отырды. Бірақ күн сағатының кемшілігі уақытты Вавилондықтар тек, күндіз ғана есептеді, оған бұлтты күндері күннің болмай қалуындағы қиындықтарды қосыңыз.

Күн сағаты – Гномон




От сағаты



От сағаты ежелгі Қытайда пайда болды. От сағат ауа райы және күнге тәуелсіз болғандықтан күн сағатына қарағанда біраз қолайлы еді. Тіпті қытайлықтар от сағатын ояту үшін де пайдаланған.

Алғашқы су сағаттарының отаны – Египет. Александрия қаласында су сағаттар жасайтын өнеркәсіп өте жақсы дамыған. Су сағатын – Клепсидра яғни су ұрлаушы деп атаған. Су сағаты күн сағатынан қолайлы, от сағатынан да уақытты дәлірек көрсететін болған. Механизмі қарапайым, бір ыдыстағы су екінші ыдысқа ақырындап құйылып отырған.

Су сағаты – Клепсидра



Алғаш электронды сағаттар деген сөз 1952 жылы газет беттерінде бой көрсете бастайды. Француздың «Лип-Безансон» (Leap Besancon) және америкалық «Elgin Watch Company» фирмалары электронды сағат шығарамыз деп баспасөз беттерінде әлемнен сүйінші сұрайды. Бірақ, алғашқы электронды сағаттарды арада жеті жыл өткенде «Гамильтон» (Hamilton) атты фирма шығара бастады.

Электронды сағаттар



6. Сөйлемдегі дұрыс ақпаратқа ✓ белгісін қойыңыз. Артық сөзді көшіріп жазыңыз.

1.	3,5 мың жыл бұрын Вавилондықтар күн сағаты – Гномонды қолданысқа енгізді.	✓
2.	Қиғаш шеңбер бұлтты күндері тас ортасына жіңішке ағашты орнату арқылы уақытты біліп отырды.	
3.	От сағаты ежелгі Қытайда пайда болды.	
4.	Тіпті қытайлықтар от сағатын ояну үшін пайдаланған.	
5.	Алғашқы су сағаттарының отаны – Египет.	
6.	Су сағатын – Клепсидра яғни су ұрлаушы деп атаған.	
7.	Алғаш электронды сағаттар деген сөз 1952 жылы газет беттерінде жарық көрген.	
8.	Француздың «Лип-Безансон» фирмалары электронды сағат шығарамыз деп баспасөз беттерінде әлемнен сүйінші сұрайды.	


7. Ақпараттар қай мәтіндерге сәйкес? Нөмірлерін қойыңыз.

1. Күн сағаты – Гномон	2. От сағаты	3. Су сағаты – Клепсидра	4. Электронды сағаттар

■ Бірақ бұл сағаттың кемшілігі уақытты Вавилондықтар тек күндіз ғана көре алады.

■ Қиғаш шеңбер тас ортасына жіңішке ағашты орнату арқылы уақытты біліп отырды.

 Александрия қаласында бұл сағаттарды жасайтын өнеркәсіп өте жақсы дамыған.

 Алғашқы сағаттарды арада жеті жыл өткенде «Гамильтон» (Hamilton) атты фирма шығара бастады.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Сіз білесіз бе?

- Казиноларда сағат болмайды. Онда жұмыс істейтін адамдар да сағат тақпайды.

- Бір қолсағат жасау үшін 20 адам жұмыс істеу керек.

- Әлемдегі ең қымбат сағат – «Чопардз» фирмасының сағаты. Оның құны – 25 миллион доллар.

- Биг Бен сағаттың аты емес, ол сол сағаттағы қоңыраудың аты.

- Құмсағат суық күнде тез жүреді.

- Қазіргі кезде әлемде бір күнде 1 млрд сағат механизмдері жасалады. Оның 60 %-ын Жапония жасайды екен.

- XVIII ғасырда адамдар уақытпен жұмыс істей бастаған. Бірақ ол кезде барлық адамдарда сағат болмады. Сондықтан оларды жұмысқа арнайы адамдар оятқан. Ол адамдар көшеде айғайлау арқылы адамдарды жұмысқа оятқан.

- Ең алғашқы қолсағатты XIX ғасырдың басында Евгения Богарне ойлап тапқан.



ТЫҢДАЛЫМ

№4



8. Диалогті тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Диалог қай жерде болған?
2. Қай жаққа билет алып тұр?
3. Жолаушы қанша билет алды?
4. Жүгі бар ма?
5. Билет қай күнге бар екен?



АЙТЫЛЫМ

9. Жүппен жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз жолаушылар көлігімен жүресіз бе?
2. Сіз қыдырған кезде автобусқа мінісіз бе?
3. Қаладағы автобустың жолақысы қанша?
4. Жол жүру билетіңіз бар ма?

10. Кестеде көрсетілген автобустардың жүру кестесімен танысыңыз.

№	Бағыты	Жүру күні	Жүру уақыты	Жететін уақыты
1.	АЛМАТЫ – ҚОНАЕВ	Күнделікті	09:00 21:00	23:00 08:00
2.	АСТАНА – ТАЛДЫҚОРҒАН	Күнделікті	10:15 17:00	02:45 12:00
3.	АЛМАТЫ – ТАЛДЫҚОРҒАН	Күнделікті	09:00 14:00	23:30 07:00



ЖАЗЫЛЫМ

11. Көп нүктенің орнына жұрнақтардың тиістісін қойып көшіріңіз.

1. Ол – намыс... адам.
2. Мен бүгін жүк... жолаушыны көрдім.
3. Әл... адам сүріншек, ақыл... адам еріншек.
4. Арман... адам – қанат... құспен тең.

12. Сіз Талдықорған қаласына қыдырып келдіңіз. Автобуспен қаланы аралайтындай жоспар құрастырыңыз.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

секіру – прыгать	қаланың жоспары – план города
лақтыру – кидать	бағдар – маршрут
тарту – тянуть	саяхатшы – путешественник
айналысу – заниматься	шекара – граница
терлеу – потеть	саяхат жасау – путешествовать
шығу – выходить	ұшаққа билет алу – купить билет на самолёт
кету – отъезд	рейске отыру – сесть на рейс
келу – приезд	рейске үлгеру – успеть на рейс
билет (баруға, қайтуға) – билет (туда и обратно)	кешігу – опоздать
ауысып отыру – делать (пересадку)	жету – доехать
ұшып келу – прилететь	жерге қону – приземлиться
ұшып кету – улететь	жолдан шаршау – устать с дороги
жаяу жүру – идти (пешком)	жолсерік – стюардесса



АЙТЫЛЫМ

2. Жүппен жұмыс. Үлгіні пайдаланып диалог құрастырыңыз.

- Сәлеметсіз бе, бұл «Алатау» қонақүйі ме?
- Иә, сізді тыңдап тұрмын.
- «Алатау» қонақүйі қай көшеде орналасқан?
- «Алатау» қонақүйі Жансүгіров көшесінде орналасқан.
- Қонақүйдің бөлмелері қандай?
- «Алатау» қонақүйінде бір кісілік, екі кісілік және үш кісілік бөлме және люкс орындары бар. Сізге қандай бөлме керек?
- Маған ертеңгі күнге бір кісілік бөлме дайындап қоюыңызды сұраймын.
- Менің аты- жөнім Марат Дәуренұлы.
- Жақсы, сізді ертең күтеміз.
- Сау болыңыз.
- Сау болыңыз.



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Қалау райы

Қалау рай – қимыл, әрекетті іс иесінің қалайтынын, тілейтінін білдіретін етістіктің түрі.

- Менің театрға барғым келеді.
- Сенің не істегің келеді?

Мағынасы	Жасалуы	Мысалы
Қимыл, әрекеттің іс иесінің қалайтынын, тілейтінін білдіреді.	Етістіктің + -ғы, -гі, -қы, -кі + тәуелдік жалғауы + келу	Менің оқығым келеді.

Тәуелденуі

Жекеше
Менің оқығым келді (келеді, келген, келіп отыр)
Сенің оқығың келді (келеді, келген, келіп отыр)
Сіздің оқығыңыз келді (келеді, келген, келіп отыр)
Оның оқығысы келеді (келеді, келген, келіп отыр)

Көпше
Біздің оқығымыз келді (келеді, келген, келіп отыр)
Сендердің оқығыларың келді (келеді, келген, келіп отыр)
Сіздердің оқығыларыңыз келді (келеді, келген, келіп отыр)
Олардың оқығысы келеді (келеді, келген, келіп отыр)

Жіктелуі

Жекеше	Көпше
Мен барсам игі еді (барсам екен)	Біз барсақ игі еді (барсақ екен)
Сен барсаң игі еді (барсаң екен)	Сендер барсаңдар игі еді (барсаңдар екен)
Сіз барсаңыз игі еді (барсаңыз екен)	Сіздер барсаңыздар игі еді (барсаңыздар екен)
Ол барса игі еді (барса екен)	Олар барса игі еді (барса екен)

Менің теледидар көр - *гі* - м келеді

Менің қыдыр - *ғы* - м келеді.

-*ғы*, -*гі*, -*қы*, -*кі* кел формасын пайдаланып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Ертеңге тапсырыс (бер) (*бергім келеді*)

Менің жарық бөлмеде (отыр)

Оның дәрігерге (көрін)

Оның үстел теннисін (ойна)

Болашақта оған (айт)

3. Суреттерге қарап, қалау рай мәнді сөйлемдерді құраңыз.



Менің ұшақпен ұшқым келеді.

.....



.....

.....



ОҚЫЛЫМ.

4. Мәтінмен танысыңыз. Мәтінге тақырып қойыңыз.

Адамның өз уақытын үнемдей білуі керек. Уақыттың босқа өтуі – үлкен шығын. Мұны дәлелдеудің қажеті жоқ. Пайда келетін іспен шұғылдануды ойластырған дұрыс. Бір қарағанда, ондай пайдалы іспен айналысу оңай сияқты, бірақ олай емес. Себебі күн тәртібін жоспарлап үйрену қажет. Ол қасиетті жас кезіңнен қалыптастыру керек. Әрбір минуттыңды үнемдеп, пайдалану керек. Сонда ғана табысқа қол жеткізе аласың.



Адамның әрбір күні, әрбір сағаты мақсатсыз өтпеуі керек. Уақыт тез өтіп кетеді. Уақыт алтыннан қымбат. Уақыт – әркімнің нақтылы өмірлік байлығы. Адамның күр босқа кеткен уақытын кері қайтару мүмкін емес. Кім уақытын бағалай білсе, сол ғана биіктерге жетеді.

? 5. Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беріңіз.

1. Адам уақытты қалай пайдалану керек?
2. Күн тәртібін жоспарлау қажет пе?
3. Уақыттың босқа өтпеуі үшін не істеу керек?



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Аэропорт деген ұғым *гректің aer – ауа, француздың port* және *латынша portus*, яғни айлақ деген екі сөзінің бірігуінен шыққан. Құрамына аэродром, аэровокзал, т.б. ғимараттар, техникалық қызметтер, құрал-жабдықтар енеді.

Жабдықталу және тасымалдау дәрежесіне қарай халықаралық және жергілікті әуежайлар болып ажыратылады. Қазіргі таңда әуе көлігінде қызмет атқаратын жас мамандарды жолсерік деп атаса, жүргізушіні ұшқыш деп атайды. Әуе кемесін басқару оңай емес. Ұшақты басқаруда осы күнге дейін біршама ұшқыштар миллиондаған адамдардың жанын алып қалу үшін, өз жандарын қиған. Әуежай радиолокатормен, автоматты радиотехникалық құралдармен, жарық сигналы жүйесімен, навигациялық құрылғылармен, т.б. жабдықталады. Әуежайдың орнын таңдағанда оның қалаға қатынауға ыңғайлы болуы, қалада шуды көбейтпеу мақсатында едәуір қашықтыққа орналастыру, әуежайдың жанында биік кедергілердің болмауы, т.б. ескеріледі.

Қазақстанның барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларында әуежай бар.



ТЫҢДАЛЫМ

№5



6. Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сұхбат не туралы?
2. Талдықорғанға ұшатын адам бір адам ба, әлде бірнеше адам ба?
3. Жолаушы ұшаққа билет ала алды ма?
4. Ұшақтың ұшу уақытын атаңыз.

7. Сіздер жауап беретін және бір-біріңізден сұрауға болатын, әңгімелесуге қатысты сұрақтармен танысыңыз. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Талдықорғанға қашан келдіңіз?
2. Әуежайда сізді кім күтіп алды?
3. Әуежайдан келе жатқанда не көрдіңіз?
4. Қалада алғашқы күні кіммен таныстыңыз?
5. Қашан, қайда таныстыңыз?
6. Сіз қалаға келген күні ауа райы қандай болды?
7. Өзіңіздің жаңа достарыңыз туралы әңгімеленіңіз.
8. Олардың аты кім?

9. Олар қайдан келген?
10. Бос уақытыңызды кімдермен бірге өткізгіңіз келеді?
11. Неге? Қайда бірге барасыздар?
12. Не туралы әңгімелесесіздер?
13. Қазақ елі туралы не айтар едіңіз?
14. Не білдіңіз?

8. Диалогті оқып, өзара сөйлесіңіздер.

Мадина: Әсел, сіз қайда сапар шегіп бара жатырсыз?

Әсел: Мен Талдықорған қаласына сапар шегіп бара жатырмын.

Мадина: Талдықорғанға демалуға бара жатырсыз ба?

Әсел: Жоқ, қызмет бабымен бара жатырмын.

Мадина: Қандай көлікпен барасыз?

Әсел: Автобуспен барамын.

Мадина: Автобусқа билет сатып алдыңыз ба?

Әсел: Иә, алдын ала алып қойғам.


Мадина: Неге ұшақпен ұшып бармадыңыз?

Әсел: Ұшаққа билет жоқ екен.

9. Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әсел қайда бара жатыр?
2. Не себепті бара жатыр?
3. Қандай көлік түрімен барады?
4. Билетті қашан алған?
5. Неге ұшақпен бармады?

10. Көліктің түрлерін атаңыз. Сурет бойынша қайсысы халық таситын көлік түріне жататындығын анықтаңыз.





ТЫҢДАЛЫМ

№6



11. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Автордың қандай арманы бар?
2. Мәтіндегі мақалды айтыңыз.
3. Ол атасы бата бергенде қандай тілек тілейтін?
4. Армандар орындалу үшін не істеу керек?



ЖАЗЫЛЫМ

12. «Менің арманым» тақырыбында қысқаша мәтін құрыңыз.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

тау – гора

саяхат – путешествие

шаңғы – лыжи

жота – гребень

жағалау – берег

бақ – сад

шырша – елка

кеме – корабль

көл – озеро

өзен – река

табиғат – природа

шипалы – целебный

демалыс орындары – зона отдыха

жылы қарсы алу – теплый прием


емдік қасиеті – лечебные свойства

кесте – расписание

2. «Менің туған жерім» тақырыбында кластер құрастырыңыз.



3. Сурет бойынша сөйлем құраңыз. Бұл қандай көл?





ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ -а, -е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен кел-е-мін. Сен ойна-й-сың. Ол бар-а-ды.

4. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаларды қойыңыз.

Мен _____ қаласына барып келемін.	Текелі
Олар _____ көліне демалуға барады.	Алакөл
Сенбі күні _____ әуежайына барамын.	Талдықорған
Олар барлығы _____ тасқа саяхаттап барады.	Тамғалы

5. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаларды қойыңыз.

Арман көл... бар...ды.
 Ертең Талдықорған ... бар...мын.
 Қаланы аралап көргіміз кел...ді.
 Сен қашан кел...сің?

6. Жүппен жұмыс. Үлгі бойынша сөйлесіңіз.

- Нұрлан қайда саяхаттап барады?
- Ол Алакөлге барады.
- Алакөлдің табиғаты қандай екен?
- Алакөлдің табиғаты көркем және әсем екен!



ОҚЫЛЫМ

7. Мәтінді оқыңыз.

Алакөл

Алакөл – Қазақстандағы Абай облысы мен Жетісу облысының аумағында орналасқан тұйық көл. Ол Қазақстандағы ең ғажайып көлдердің бірі.

Сонымен қатар, аумағы 20 мың гектардан асатын бұл өлкеге денсаулығын түзеткісі келетіндерден басқа, теңдесі жоқ көлде шомылу мен балық аулағанды ұнататындар келеді.

Орта ғасырларда «Гургенор», кейін «Алактого», «Алапеңіз», «Алакта» деп те аталған. Алакөл – Жетісудың Балқаштан кейінгі үлкен көлі. Ол Алакөл ауданының солтүстік-шығыс бөлігін алып жатыр. Көл ағынсыз, солтүстік-батыстан

оңтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Теңіз деңгейінен 247,3 м абсолюттік биіктікте орналасқан. Алакөл суының емдік қасиеті туралы көпшілік біле бермейді.

? 8. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Алакөл қай жерде орналасқан?
2. Көлдің аумағы қанша?
3. Орта ғасырда көлді қалай атаған?

§ АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Алакөл фитопланктоны құрамында балдырдың 58 түрі, зоопланктонның 80 түрі бар. Балыққа бай (алабұға, шармай, көксерке, көкбас, сазан т.б.). Аққу, қаз, үйрек, балықшы, бірқазан т.б. құстар, қамыс арасында теңбіл мысық, өзен жағаларында ондатр кездеседі.

Көл суы да минералды ресурстарға, йодқа, тұзға, химиялық элементтерге бай болғандықтан, судың денсаулыққа пайдасы медицинада дәлелденген.



🔊 ТЫҢДАЛЫМ

№7 

9. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Алакөлде демалыс орындарының көп болуының себебі неде деп ойлайсыз?
2. Алакөлдің суы құрамы жағынан қай теңіздерге ұқсайды?
3. Туристер келетін демалыс орындары бар ауылдарды атаңыз.



АЙТЫЛЫМ

10. Жұптық жұмыс. Өзіңіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша көрікті жерлер туралы әңгімелеңіз.



Қажетті сөздер: табиғат, көл, тау, өзен, ауа райы, аң-құс



ЖАЗЫЛЫМ

11. «Алакөл туралы не білемін?» тақырыбында мәтін құрастырыңыз.

12. Алакөл көліне жарнама жасаңыз.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

бұлақ – родник
аймақ – регион
су қоймасы – водохранилище
сапарға шығу – путешествовать
жәндіктер – насекомые
қызғылт-сары – апельсиновый

тұзды – соленый
терең – глубокий
таза ауа – чистый воздух
аралау – ходить
ашық көк – светло голубой
кешенді – комплексный

Грамматиканы қайталау.

-ғаниа, -қаниа қосымшасын қайталау.

2. Тиісті сөздерді қойып жазыңыз.

Бар, жұмсау, дамыту

1. Шетелге _____ Балқашқа барып демалған дұрыс деп шештік.
2. Себебі шетелге көп қаржы _____, ақшамызды үнемдер едік.
3. Өзге елдің туризмін _____ отандық туризмді көтерсек.



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Сын есім деп заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін (түр-реңін), дәмін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық категорияны айтамыз.

Сын есімдердің сұрақтары – **қандай? қай?**

Тұлғалық жағынан сын есім негізгі және туынды болып екіге бөлінеді.

Негізгі сын есімдерге – түбір сын есім жатады. Түбір сын есімі жұрнақсыз, басқа сөздермен бірікпей, қосарланбай, тіркеспей, жеке тұрып-ақ сындық мағына береді. Мысалы: *көк, сары, кең, жылы, терең, таза, алыс.*

Сын есімнің туынды түріне сын есімдердің бірігуі, қосарлануы, зат есім мен сын есімдердің тіркесуі арқылы және сын есімге, басқа сөз таптарына түрлі жұрнақтар қосылуы арқылы жасалған сөздер жатады. Мысалы: *1. Көкпеңбек еріндері қимылдайды. 2. Төбеміз кішкене-кішкене жақпар тастар. 3. Ақ, сары, қара, көк ала, көпбалалы, жібек көйлекті.*

3. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаларды қойыңыз.

Нұржан өте өнер... бала.

Қазақтың батырлары ірі дене... болып келген.

Киіз үйдің уықтары жинау... екен.

4. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

Таулы, талантты, терең

1. Талдықорған қаласы аймақта орналасқан.

2. Анар өнерлі, қыз.

3. Балқаш тұзды, ... көл.



АЙТЫЛЫМ

5. Жүппен жұмыс. Үлгі бойынша сөйлесіңіз.

- Жетісудың неге Жетісу деп аталу себебін білесіз бе?

- Білмейді екенмін.

- Жетісу атында тұрғандай жеті өзеннен құралған: Лепсі, Ақсу, Қаратал, Іле, Көксу, Сарқан өзендерінен тұрады.

- Қандай керемет! Жетісу жер жаннаты деп бекер аталмаса керек.



ОҚЫЛЫМ

6. Мәтінді оқыңыз. Сын есімдерді теріп жазыңыз.

Балқаш көлі – Жетісудың ірі көлдерінің бірі. Солтүстік батыста жағалай орын тепкен. Судың минералдылығы мен тұздылығы бұл екі бөлікте екі түрлі. Көлге ағып келетін судың негізін Іле өзені құрайтындықтан, батыс бөлігінің суы тұщы, түсі қызғылт-сары. Шығыс бөлігінің суы тұздылау түсі көгілдір, ашық көк. Балқаш фаунаға бай. Көл түбінде судағы ұсақ жәндіктер, шаяндар тіршілік етеді. Батыс бөлігі планктонға бай. Көлде балықтың 20-дан астам түрі бар, мұның 6 түрі ежелден көлдің өзінде өскен балықтар: Балқаш көкбасы, Балқаш алабұғасы т.б.

7. Жоғарыда берілген мәтін бойынша үлгідегідей 7 сұрақ құрастырыңыз.

1. Балқаш көлі Жетісудың қай жерінде орналасқан?
2. Көл суының құрамы қандай?
3. Балықтың неше түрі кездеседі?



8. Мәтінді тыңдаңыз. Балқаш көлі туралы не білесіз?

9. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз.

Балқаш көлінің суы екі түрлі ме?	Иә	Жоқ
Судың негізгі бөлігі Іле өзені арқылы құяды.	Иә	Жоқ
Жетісуды солтүстік-батыс жағалай орын тепкен көл.	Көлсай	Балқаш

10. Сурет бойынша «Балқаш көлі» тақырыбында сөйлемдер құрастырыңыз.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды облыстарының шегінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов Балқаш көлін зерттеген.

1920 жылдан бастап Балқаш



көлін кешенді зерттеу басталды, көптеген экспедициялар ұйымдастырылды. Көлдің экологиялық жағдайын, суының химиялық құрамын, өсімдік, жануарлар дүниесін, көлдің физикалық-географиялық сипатын зерттеумен Қазақстан Ғылым академиясының институттары, Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Қазақ гидрометеорология ғылыми-зерттеу институты мен бірнеше жобалау институттары айналысады.



АЙТЫЛЫМ

11. Жұптық жұмыс. Өзіңіз туып өскен жеріңізде орналасқан көл жайында әңгімелеп беріңіз.



Қажетті сөздер

көл
тереңдігі
мекендейді
аң-құс түрі



ЖАЗЫЛЫМ

12. «Менің туған жерімнің көлдері» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңыз.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

жеті ағайынды – семь братьев
бозбала – парень
бойжеткен – девушка
сыйыну – поклоняться
қарағаш – карагач
әулие – святой
аңыз – легенда
босаға – порог

адам ағзасы – организм человека
киелі жер – святая земля
адамның құшағы – объятия человека
істен шығу – выйти из строя
шеберлік – мастерство
шексіз – бесконечный
жергілікті тұрғындар – местные жители
киелі ағаш – священное дерево

2. Берілген сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыз.

1. Алакөлдiң орталығында аралдар бар.
2. Текелi қаласындағы Қонаев көшесiнiң ұзындығы 35 км.
3. Балқаштың жағалауы қазақстандықтар мен шетелдiктердiң маусымдық және жыл он екi ай бойына демалысын дамытуға арналған жеке капитал салу аймағы.



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Сөйлем құрамындағы екі немесе одан да көп сөз синтаксистік қызметі жағынан бірдей болып, бір сұраққа жауап берсе, олар сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп аталады.

Асан, Анар және Арман орталық стадионда жаттығады.

Мен бала кезімде бокске, күреске, қашықтыққа секіруге қызығатынымын.
Бірыңғай мүшелер жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады:

Ыңғайластық жалғаулық	да, де, та, те, және, әрі, мен, бен, пен	Алма – спортпен айналысатын, ақылды, білімді әрі салмақты қыз.
Талғаулы жалғаулық	я, не, немесе, әлде	Мұнда су немесе шай әкел.

3. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Ән салатын құмдар Жетісу облысында ма, ... Қарағанды облысында ма?
2. Балқаш көліне демалуға барамын ... Алакөлге демалуға барамын.
3. Текелі қаласының табиғаты ... керемет, ауасы ... таза.
4. Талдықорған қаласының ауасы ... таза, суы ... мөлдір.

4. Не, немесе, я, яки, болмаса, не болмаса, әлде, мейлі жалғаулық шылауларын пайдаланып 7 сөйлем құраңыз.

5. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жетісу жерінде болдыңыз ба?
2. Жетісудың қандай көрікті жерлерін білесіз?
3. Туристерді Жетісу жері несімен таңқалдыра алады деп ойлайсыз?



ОҚЫЛЫМ

6. Мәтінді оқыңыз.



Қазақстан киелі жерлерге бай. Соның бірі Жетісу облысы Панфилов ауданында орналасқан – Әулиеағаш. Халық арасында Әулиеағаш киелі саналады. Үлкен ағаш аталып кеткен ағаштың негізгі тұқымы қарағаш. Алты адамның құшағы әрең жететін ағаштың шыққан суы адам ағзасына пайдалы және жараларға ем.

Әулиеағаш Қазақстанның тарихи орындарын насихаттайтын «Тарихи жол» бағдарламасына енді. Қазір кез келген қазақстандық ғаламтордан оның көркі мен өзіндік ерекшеліктерін қиналмай тауып көре алады.

Шыны керек, Әулиеағашқа сыйыну үшін емес, тамашалау үшін де келіп жатқандар жеткілікті. Олардың ішінде тіпті алыс-жақын шетелдің адамдары да бар. Бірде Америкадан келген ғалым ағашты суретке түсіргісі келеді. Дәл сол сәтте оның фотоаппараты жұмыс істемей, әбден шаршайды. Осылайша ғалым әлемде сирек кездесетін ағаштан бірде-бір фото түсіре алмай, еліне аттанған екен. Міне, бұдан кейін аңызға сенбей көріңіз.

Ағаштың жанында бір тамырдан таралып тұрған жеті бірдей жас ағаш өсіп тұр. Халық оны «7 ағайынды» деп атап кеткен. Сол секілді «Бозбала мен бойжеткен» деп аталатын шынар бар. Осы ағаштың ортасынан өткен әйел адамдары көп ұзамай ана атанады екен. Ал киелі ағаштан тамшылап тұрған су бірнеше ауруға ем. Сондай-ақ «Әулиеағаштың» айналасында өскен көрікті ағаштарды көресіз. Олар тура адам қолынан отырғызылғандай тізіліп тұр. Бірақ ол табиғаттың өз шеберлігімен жасалған саябақ. Жергілікті тұрғындар мұны да қасиетті жердің бір белгісі ретінде қарайды.

Әулиеағаш өзінің емдік қасиеттерімен де көпшілікке танымал. Ағаш шырыны көз, құлақ, тамақ, мұрын ауруларына таптырмас ем екенін де көпшілік жақсы біледі.

Әулиеағашқа келетін саяхатшылардың саны жыл сайын көбейіп келеді.

7. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әулиеағаш қай жерде орналасқан?
2. Үлкен ағашты тағы басқаша қалай атауға болады?
3. Әулиеағаштың шырыны қандай ауруларға ем?
4. Әулиеағаш туралы қандай аңыздарды білесіз?
5. Саяхатшылар үшін Әулиеағаш несімен тартымды?



ЖАЗЫЛЫМ

8. Мәтінді пайдаланып сөйлем құраңыз.

1. Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »
2. Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
3. Үшінші сөйлем «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын ... »
4. Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытындыға келдім ...»



АРТЫҚ БОЛМАС БЫЛГЕНІҢ



Жаркент өңірінде жеті ғасырдан бері өсіп тұрған ағаш бар. Сондықтан оны Әулиеағаш деп атайды. Ағаштың жуандығына алты адамның құшағы әрең жетеді. Мұндай алып ағаш әлемнің үш елінде ғана бар екен. Олардың бірі – Меккеде, екіншісі – Қытайда, үшіншісі – Жетісу жерінде ғана бар.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда,

Үлкенәғаш ауылына қырық шақты шешен отбасы көшіп келген. Олар ауыл адамдарының: «Киелі ағашқа тимеңдер!» - деген ескертпесін тыңдамайды. Бір шешен жігіті ағаштың бұтақтарын кесіп, үйіне әкеледі. Ағашты әкелген түні оның отбасындағы сегіз адам түгел белгісіз аурудан қайтыс болады.

1962 жылы шекара асып көшіп келген адамдардың біреуі тағы да киелі ағаштың бұтағын кесіп әкеліп, отқа жақпақшы болады. Босағадан аттай бергенде, әйелінің қатты қиналған дауысын естиді. Не болғанын түсінбеген отағасы ауыл адамдарынан көмек сұрайды. Мән-жайды жақсы білетін жасы үлкен адамдар кесіп әкелген ағашты бірден орнына апарып таста деп айтады. Адамдардың айтуымен, алған бұтақты орнына апарып тастап, мал сойып, құран оқытыпты дейді.

Әулиеағашқа байланысты айтылған ұлағатты әңгімелер өте көп. Оның кез келгенінің ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше.



АЙТЫЛЫМ

9. Жүппен жұмыс. Сұхбат құрастырыңыз.

Үлгі:

1. Жетісу қандай өлке?

.....

2. Жетісуда қандай тарихи-мәдени орындар бар?

.....

3. Әулиеағаш туралы не айтар едіңіз?

.....



ТЫҢДАЛЫМ

№9



10. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз.

1.	Жуандығына алты адамның құшағы әрең жететін мұндай алып ағаштар әлемнің төрт елінде ғана бар дейді.		
2.	Ағаш тамырының диаметрі 12 м құрайды.		
3.	Жұрт оны Алып ағаш деп атайды.		

11. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әулиеағаш қалай пайда болған?
2. Алып ағаш әлемнің қанша елдерінде бар?
3. Тамырының диаметрі қанша метрді құрайды?
4. Әулиеағашқа байланысты қандай аңыз бар?



ЖАЗЫЛЫМ

12. Төменде берілген тірек сөздерді қолданып, «Әулиеағаш» тақырыбында мәтін құрастырыңыз.

Тірек сөздер: ескерткіш, ағаш, аңыз, ауруларға ем, саяхатшылар.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

мешіт – мечеть	құрылыс – строительство
қаржы – бюджет	сәулетші – архитектор
саудагер – купец	сәулет-құрылыс өнері – архитектурно-строительное искусство
шеге – гвоздь	
іргесі – основание	сәулет-көркемөнер музейі – архитектурно-художественный музей
жаяу – пешком	
теңіз – море	күйген кірпіш – обожженный кирпич

2. Берілген тірек сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Сәулет-құрылыс өнері, сәулет-көркемөнер музейі, саудагер, сәулетші



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Тұйық етістік

Тұйық етістік – іс-әрекеттің өзі емес, сол әрекеттің атауы ретінде қолданылатын етістіктің ерекше түрі. Жақтық, шақтық мағынада қолданылмайды.

Тұйық етістік – у жұрнағы арқылы жасалады. Әрекеттің атауы ретінде қолданылады және есімдерше түрленеді.

Ақша үнемдеу – үлкен өнер.

Үйге қайтуға рұқсат берілді.

Сіз дәрігерге отбасыңызбен баруыңыз керек.

Сізден құжатты тиянақты толтыруыңызды сұраймыз.

Қимыл есіміне көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.

Сендердің кітапты мұқият оқуларың керек.

Қимыл есімі зат есім сияқты септеледі, тәуелденеді, бірақ жіктелмейді.

Септелуі

А.	бару, сөйлеу
І.	барудың, сөйлеудің
Б.	баруға, сөйлеуге
Т.	баруды, сөйлеуді
Ж.	баруда, сөйлеуде
Ш.	барудан, сөйлеуден
К.	барумен, сөйлеумен

Тәуелденуі

жекеше		көпше	
Менің	келуім/баруым	Біздің	келуіміз/баруымыз
Сенің	келуің/баруың	Сендердің	келулерің/баруларың
Сіздің	келуіңіз/баруыңыз	Сіздердің	келулеріңіз/баруларыңыз
Оның	келуі/баруы	Олардың	келулері/барулары

3. Сөйлемдегі етістіктерді тұйық етістікке айналдырыңыз.

1. Біз саяхаттауға барамыз.
2. Жасы үлкен кісілер жаяу көп жүреді.
3. Құрылысшыға көп қаражат керек.

4. Берілген тұйық етістік сөздерге сөйлем құрастырыңыз.

Салу, қаржыландыру, жинау, құру, тұрғызу



ОҚЫЛЫМ

5. Мәтінді оқыңыз.

Жаркент мешіті



«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейі – Жаркент қаласында орналасқан. Бұл мешітті сонау 1887-1892 жылдары халықтан жинаған қаржыға саудагер Уәлиахун Юлдашев салдыртыпты. Ғимарат Қазақстан мен Орта Азияның сәулет-құрылыс өнерінің ең үздік тәсілдері ескеріле отырып жасалған. Құрылысын басқарған – Хон Пик деген қытай сәулетшісі. Мешіт құрылысының барысында бірде-бір шеге қолданылмаған.

6. Сөйлемді толықтырыңыз.

1. Құрылысын басқарған – Хон Пик деген ... сәулетшісі.

кәріс

қытай

жапон



2. Ғимарат Қазақстан мен Орта Азияның ... өнерінің ең үздік тәсілдері ескеріле отырып жасалған.

көркем

құрылыс

сәулет-құрылысы

7. Мәтін бойынша тест тапсырмаларын орындаңыз.

1. Мешіт қай жылдары салынғанын белгілеңіз.

- A) 1887-1892 жылдары
- B) 1889-1890 жылдары
- C) 1990-1992 жылдары
- D) 1887-1893 жылдары

2. Мешіт құрылысы барысында қолданылмаған затты белгілеңіз.

- A) ара
- B) шеге
- C) балға
- D) балта

3. Мешітті қандай қаржыға салдырған?

- A) халықтан жинаған
- B) өкіметтен бөлінген
- C) демеуші қаржысынан
- D) саудагердің қаржысынан



АЙТЫЛЫМ

8. Жүппен жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Жаркент мешітінде болдыңыз ба?

2. Мешіттің құрылысы сізге ұнады ма?
3. Мешіт несімен ерекшеленеді?



ТЫҢДАЛЫМ

№10



9. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз.

1.	Мешіттің кіру қақпалары күйдірілген кірпіштен жасалған.		
2.	Мешітті сәулетші Хон Пик салған.		
3.	Негізгі құрылыс материалы – темір.		
4.	Жер сілкінісі кезінде Жаркент мешіті сол қалпында қалған жоқ.		



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Жаркентке келіп, оның басты назар аударарлық жері – Жаркент мешітінде болмау мүмкін емес. Сонау ХІХ ғасырдың аяғында салынған таңғажайып сәулет ескерткіші. Діни құрылыс кірпіштен емес, Тянь-Шань шыршаларының бөренелерінен бір де бір шеге қақпастан салынған, интерьерінің нысаны мен безендірілуі бойынша ол көбіне көп мешіттен гөрі қытайдың храмына ұқсас. Құрылысы өте ерекше. Ғимаратты айналдыра цилиндрлік колонналары бар және карнизі үлкен галерея орналасқан.

10. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жаркент мешіті халық арасында қалай аталады?
2. Мешіт құрылысына қандай ағаш бөренелері қолданылған?
3. Мешіт құрылысы қандай үлгі бойынша жасалынған?

11. Мақалдарды оқыңыз, жаттап алыңыз.

1. Шеберді шеге қағысынан таны.
2. Қолың ұста болсын, сөзің қысқа болсын.



ЖАЗЫЛЫМ

12. «Жетісудың жауһары – Жаркент мешіті» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңыз.



ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ ЛЕПСІ, БАСҚАН, АҚСУ ӨЗЕНДЕРІ

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

ағысы қатты – сильное течение
тау етегінде – у подножия горы
су жиналатын алабы – площадь сбора воды
белсенді қолданылады – активно используется
су алабы – водораздел
ағын – течение

мұздық – ледник
аңыз – легенда
сіңіп кетеді – впитывает
мақтаныш – гордость
жазық – равнина
таулы – горный



ОҚЫЛЫМ

2. Мәтінмен танысыңыз.

Жер жаннаты – Жетісу

Жетісу жерін мақтанып айтуға болады. Өйткені ол көп ғасырлық тарихы бар, өте әсем және ғажайып өлке. «Жетісу» сөзі осы өлкемен ағып барып Балқаш көліне құятын жеті өзенді бейнелейді.

Қазақ халқының ежелдегі мәдениеті тастан қашалған мүсіндер мен қорғандарда бейнеленген. Іле Алатауы мен Жоңғар Алатауының таулы қойнаулары, Орталық Тянь-Шаньдағы еліміздің ең биік нүктесі Хан Тәңірі шыңының аймағы – тамаша орындар. «Ән салатын құмдар», «Бұрқан бұлақ сарқырамасы», Аңырақай шайқасы өткен жерлер, Жаркент мешіті, табиғи, тарихи, мәдени орындар.. Облыс орталығы – Талдықорған қаласы.

3. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөйлем құрап жазыңыз.

Жет ... су, ғас ... р, ... лке, Бал ... аш, м ... сіндер, ... ле Алатауы, Жо ... ғар алатауы, м ... ражай, м ... дени орындар, таби ... ат, ... сем, би ... к.

4. Берілген сызба бойынша сөйлем құрастырыңыз.

_____ , _____ .

_____ ?
_____ !

5. Мақалдарды оқыңыз, қайталаңыз, жаттаңыз.

1. *Туған жердей, жер болмас,
Туған елдей, ел болмас.*
2. *Ел іші – алтын бесік.*



ГРАММАТИКА

... барғалы бері, барғалы жатырмын, ... бара бастадым

6. Тиісті қосымшаларды қойыңыз.

1. Жетісу өңіріне көш... бері денсаулығым жақсарды.
2. Балқаш көліне бар... бері биыл екі жыл болды.
3. Анам Алакөлге жет... бері хабарласқан жоқ.
4. «Талдықорған» әнін айт... бері танымалдығым артты.



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Көсемше

Көсемше деп негізгі қимыл-әрекеттің қалай; қайтып жасалатынын білдіретін етістіктің түрі аталады. Мысалы, қарқылдап (қалай?) күлді, күлімсірей (қалай?) қарайды, қасқайып (қайтіп?) тұра қалды, асықпай (қалай?) сөйлейді, т.б.

Көсемше осы қызметте тұрғанда, өзінен кейін ешбір қосымшаны қабылдамайды.

Көсемшенің жұрнақтары:

1. **-ып, -іп, -п:** бар-ып, көр-іп, сана-п, сөйле-п т.б.
2. **-а, -е, -й:** сыз-а, қал-а, бер-е, көр-е, сана-й, сөйле-й, келме-й, барма-й, т.б.
3. **-қалы, -келі, -ғалы, -гелі:** қайт-қалы, кет-келі, тұр-ғалы, кел-гелі т.б.
4. **-қанша, -кенше, -ғанша, -генше:** қайт-қанша, өт-кенше, бол-ғанша, біл-генше.

Көсемшенің жұрнақтары шақ жасаушы көрсеткіштің де қызметін атқарады. Көсемше шақтық көрсеткіш қызметін атқарғанда, ол түбір етістікке жалғанып, өзінен кейін жіктік жалғауын қабылдап, жекеше, көпше түрде жіктеледі. Көсемшенің **-ып (-іп, -п)** және **-а (-е, -й)** түрі ғана жіктеледі. Көсемшеден кейін жіктік жалғаудың толық түрі жалғанады.

Көсемшенің жіктелу кестесі

Жекеше

Мен барыппын, келіпмін, барамын, келемін

Сен барыпсың, келіпсің, барасың, келесің

Сіз барыпсыз, келіпсіз, барасыз, келесіз

Ол барыпты, келіпті, барады, келеді.

Көпше

Біз барыппыз, келіппіз, барамыз, келеміз

Сендер барасындар, келіпсіндер, барасындар, келесіндер

Сіздер барыпсыздар, келіпсіздер, барасыздар, келесіздер

Олар барыпты, келіпті, барады, келеді.

7. Жатыр, тұр, отыр, жүр етістіктерін көсемшеге айналдырып, сөйлем құраңыз.

8. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі қосымшаларын пайдаланып сөйлем құраңыз.



АЙТЫЛЫМ

9. Жүппен жұмыс. Суреттер бойынша сұхбат құрыңыз.



ОҚЫЛЫМ

10. Мәтіндерді оқып, танысыңыз.



Басқан өзені

Жетісу облысының Сарқан және Ақсу аудандары арқылы өтеді. Бастауын теңіз деңгейінен 4 мың метр биіктіктегі мұз басып жатқан Басқан тауынан алады. Төменгі жағы Аралқұм құмына сіңіп кетеді. Ұзындығы 137 км. Терең шатқалмен ағатын өзен суының ағысы таудан шыға берісте төмендейді. Суы тау етегіндегі егістікті суаруға

жұмсалады. Басқаннан 8 суару каналдары тартылған.

Лепсі өзені

Жоңғар Алатауының солтүстік баурайларынан 3000 метр биіктіктен басталады. Лепсі өзені екі учаскеден тұрады – таулы және жазық. Жазықтағы өзеннің ені 30 метрге жетеді, тереңдігі 5 метр. Балқаш өзені атырабы жоқ көл. Өзен балық аулау және демалыс үшін қолданылады.



Өзеннің ең үлкен ағыны – Ағынқатты өзені, теңіз деңгейінен 3023 метр биіктікте орналасқан. Өзен ұзындығы 14 км-ді құрайды. Лепсі өзені теңіз деңгейінен 944,9 метр биіктікте орналасқан.

Ақсу өзені



Жетісу Алатауының 4000 метр биіктікте орналасқан мұздықтарынан бастау алып, Балқаш көліне құяды. Ақсу өзені Жансүгіров ауылы тұсынан өтеді. Өзен жоғарғы ағысында тау аралық Қапалды кесіп өтіп, жазыққа шыққан соң көптеген кіші өзендерге бөлініп кетеді. Негізгі салалары: Сарқан, Қожамберді өзендері. Ақсу өзені шаруашылыққа пайдалануға байла-

нысты суы көктем мен жазда тасиды. Суы тұщы. Суы егін, мал суаруға және техникалық қажеттіліктерге пайдаланылады.

11. «Басқан, Лепсі, Ақсу» сөздеріндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрыңыз.

Үлгі: «Балқарағай» сөзіндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау.

(Бал, қарағай, қара, бала, ағай, ара, ай, қар, балға, Арай, қарға, лақ...)

Лепсі _____

Ақсу _____

Басқан _____



ТЫҢДАЛЫМ



№11

12. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жетісу жері неге «жер жаннаты» деп аталады?
2. Ақсу өзенінің суы неге пайдаланылады?
3. Басқан өзені қайда орналасқан?



АРТЫҚ БОЛМАС БЫЛГЕНІҢ



22 наурыз – бүкіл дүниежүзі су күнін атап өтеді. Бұл мереке БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен, адамзатқа су ресурстарының қоршаған орта мен қоғамның дамуында маңызды рөл атқаратынын еске салу үшін қабылданған болатын.

Қазіргі уақытта біздің планетамыздың 70%-ын су басып жатыр. Дегенмен, осы судың тек 1%-ын ғана ішуге болады. Сонымен қатар, жыл сайын су ресурстарын пайдалану мәселесі де күшейе түсуде. Соңғы 50 жыл ішінде, әлемде судың жетіспеушілігіне байланысты 507 келіспеушілік болды. Ал, суға байланысты туындаған 21 даудамайдың арты соғыс әрекеттерімен аяқталды.



Судың – планетадағы ең қарапайым және ең танымал зат екені бәріне белгілі. Бірақ сонымен бірге, су өзінде көптеген құпияларды жасырып жатыр.

Ғалымдар су туралы көптеген қызықты деректер тауып, әлі де суды зерттеулерін жалғастыруда.



ЖАЗЫЛЫМ

13. Берілген суреттер арқылы жоғарыда оқылған мәтін мазмұны бойынша алған ақпараттарды есіңізге түсіріп, «Жетісу өзендері» атты мәтін құрастырып жазыңыз.



ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕТІ ӨЗЕНІ

КӨКСУ, ҚЫЗЫЛАҒАШ, БҮЙЕН, ҚАРАТАЛ ӨЗЕНДЕРІ



1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

арна – канал
жаға – берег
шабындық – луг
тұсында – рядом
алқап – долина

бірқазан – пеликан
бастау – источник
кеңею – расширение
мұздықтардан басталып – начиная с ледников
жайылым – пастбище


2. «Жетісу өзендері» сөзіне ассоциация құрастырыңыз.



3. Мәтіндерді оқып, танысыңыз.

Бүйен өзені

Жетісу облысының Ақсу, Сарқан аудандары жерінде Жетісу (Жоңғар) Алатауының солтүстігіндегі 4000 метр биіктіктегі мұздықтардан басталып, таулы шатқалдардан ағып өтеді. Өзеннің ұзындығы 120 км. Қызылту ауылынан төменірек жерде өзен аңғары 500-600 метрге дейін кеңейеді.



Суы тұщы. Жазықта өзен арнасынан тартылған 12 каналмен егістік, бау-бақша жерлері суарылады.



Қызылағаш өзені

Жетісу облысы Ақсу ауданының жерімен ағады. Ұзындығы 117 км, су жиналатын алабы 2430 км², жалпы ұзындығы 190 км болатын 140 саласы бар және алабында шағын 8 көл орналасқан. Ірі салалары: Мұзбұлақ, Біртоған, Қапал, Ақтұма, Шыңбұлақ. Сондай-ақ, Қызылағаш бөгенінен төменде Егінсу, Ақешкі және Құрөзек тарамдарына


ажыратылады. Қызылағаш өзені тау шатқалымен ағады.



Қаратал өзені

Жетісу облысы Ескелді, Көксу, Қаратал аудандары жерімен ағады. Өзен бойында Талдықорған, Үштөбе, Текелі үлкен қалалар орналасқан. Батыстан Көксу өзені Қаратал өзеніне құяды. Өзен аумағында бірқазандар, үйректер, үйректердің бірнеше түрі мекендейді. Жетісу Алатауындағы мұздықтардан басталып, Балқаш көліне

құяды. Ұзындығы – 390 км. Алғашқы 160 км өзен өте жылдам ағады, ал келесі 230 км баяу ағады. Суы қант қызылшасы алқаптарын суаруға пайдаланылады.



Көксу өзені

Жетісу облысының Ескелді, Көксу аудандары жерімен ағып өтеді. Ұзындығы 205 км. Бастауын Жетісу Алатауындағы Басқан мұздығының оңтүстігінен алып, Көксу теміржол станциясы тұсында Қаратал өзеніне құяды. Қара арық пен Қазан бастауларының қосылған жерінен Көксу деп аталады. Жоғарғы бөлігінде тар шатқал арасымен өтеді. Ағысы қатты, суы мол.

Өзен суы егін, бау-бақша суғаруға пайдаланылады.

4. Мәтін бойынша пікірлесетін сұрақтар құраңыз.

5. Мәтіннен табиғатқа қатысты сөздерді теріп жазып, мағынасын түсіндіріңіз.

6. Мәтінің негізгі мазмұнын анықтайтын сөйлемдерді табыңыз.



ГРАММАТИКА

Кезектес салалас құрмалас сөйлем

Іс-әрекет, оқиғаның жүзеге асуы кезектесіп келетін, тең дәрежеде байланысқан құрмалас салалас түрін кезектес салалас құрмалас сөйлем деп атайды.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем **жалғаулық шылаулар (бірде, біресе, кейде)** арқылы жасалады.

Ол өз ойын бірде қазақша, бірде орысша айтып жатыр.

Ол кейде жұмысқа уақытында келеді, кейде ерте келеді.

Біресе жаңбыр жауады, біресе жел соғып, күн суытып кетеді.

Кезектес салаластың екі сыңарында да жалғаулық шылаулар қолданылады.

Жалпылау есімдігі

Жалпылау есімдіктері – екі немесе одан да көп заттар мен құбылыстарды біріктіре, жинақтап айту үшін қолданылатын сөздер.

Бәрін айту мүмкін емес, себебі уақыт тығыз.

Жалпылау есімдіктері: бар, барлық, бәрі, барша, бүкіл, бүтін, күллі, тамам, түгел.

Қонаққа шақырылған адамдар түгел келді.

Олардың барлығы қазақ тілінен тест тапсырады.

Жіктелмейді.

Тәуелденіп барып, септеледі.

Бүкіл, күллі, тамам жалпылау есімдіктері тәуелденбейді.

Атау	барлығы	түгел	баршасы
Ілік	барлығының	түгелінің	баршасының
Барыс	барлығына	түгеліне	баршасына
Табыс	барлығын	түгелін	баршасын
Жатыс	барлығында	түгелінде	баршасында
Шығыс	барлығынан	түгелінен	баршасынан
Көмектес	барлығымен	түгелімен	баршасымен

7. Бар, барлық, бәрі, барша, бүкіл жалпылау есімдіктерін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

8. Тиісті сөздерді орнына қойыңыз.

1. Ол жазғы демалыста _____ Қараталға, _____ Көксуға барамын деді.
2. Қаратал өзені _____ тасиды, _____ тасымайды.
3. Ағысы қатты, суы мол Көксу өзені _____ жайылымға, _____ шабындыққа қолданылады.

9. Бірде, біресе, кейде сөздерін пайдаланып, «Жетісудың жеті кереметі» тақырыбында мәтін құрастырыңыз.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Жетісу – тарихи-географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш, солтүстік-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік-батысында Солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Тарихи деректер мен зерттеулерде Жетісу атын құрайтын 7 өзен туралы түрліше пікір бар. А.К.Гейнс бұлардың қатарына Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендерін жатқызса, А.Влангали Басқан, Сарқан өзендерінің орнына солтүстік-шығыстағы Аягөз, оңтүстік-шығыстағы Іле өзендерін атайды. В.В.Бартольдтің айтуынша, алғашқыда жергілікті халық Жетісу деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өзендері енген. Ал Жетісу Іленің оңтүстігіне қарай созылған таулы аймақ деген ұғым ХІХ ғасырда тарап, сондай-ақ, оған Тянь-Шаннің солтүстік-батыс және орталық аудандары да қосылатын болған. Тарихи әдебиетте Жетісу ұғымына Шу алабы мен Нарын өзенінің жоғарғы ағысын камтитын жерлер де кірген.

(Ежелгі дәуір әдебиеті, Алматы 1991 ж. 23-27-беттер)

Қажет АНДАС



ТЫҢДАЛЫМ

№12



10. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қаратал өзенінің көлемі қанша шақырымды құрайды?

2. Өзен қай мезгілде қатып, қай мезгілде ериді?
3. Қараталдың бойында қандай петроглифтер сақталып қалған?
4. Қаратал өзенінің қазақ тарихындағы маңыздылығы неде деп ойлайсыз?

11. Мақалдарды оқыңыз, жаттаңыз.

1. *Өзен ұзақ ағады бұлағы болса басында,
Іздеген бақыт табады жалықпаса жасында.*
2. *Су бар жерде ырыс бар: ұстап балық жейсің, ақ бидай егіп, нанын жейсің.*

12. «Адам мен табиғат байланысы» деген тақырыпқа шағын мәтін жазыңыз.

1. Жаңа сөздер мен тіркестермен танысыңыз.

желдің бағыты – направление ветра
ұшақтың гүріліне ұқсайтын –
напоминающий шум самолёта
асқақ арман – возвышенная мечта
құм түйіршіктері електеніп –
песчинки просеянные

қашықтық – расстояние
қиналмау – не мучиться
құм қоспасы – песчанная смесь
сенім – вера
қара ниетке толы – полон плохих
намерений

2. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

Желдің бағыты, сенім, асқақ арман, құм қоспасы, ұшақтың гүрілі



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

-и және -дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы

Есім сөздерге *-и* және *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары жалғану арқылы сын есім жасалады.

Мен әскери киім сататын дүкен іздеп жүрмін.

Қазіргі уақытта тарихи мұражайлар жан-жақты қолдауға ие болып жатыр.

Дүниеде қазақ тіліндей бай тіл жоқ.

Жолбарыстай ақырған дауысы естілді.

-дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары өзі жалғанған сөзден салыстыру, ұқсату болжалдық мәні бар туынды сын есім жасайды.

Зат есім	таудай, сүттей, судай	Оның бет – әлпеті сүттей ақ.
Есімдік	мендей, сендей, біздей	Сендей жүйрік болу қайда!
Сан есім	елудей, жүздей, мыңдай	Байқаудың бірінші кезеңіне жүздей адам жиналды.

Кейбір сөздерде –ы, –і жұрнақтары қолданылады. Олар өзі қатынасқа түсетін заттың (нәрсенің) тектік сипатымен байланысты, яғни қай халыққа тиісті екенін білдіреді: қазақ – қазақы

Қазіргі жастар қазақы дәстүрдің кейбір ерекшеліктерін зерттеуде.

3. -дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтарын пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.



ОҚЫЛЫМ

4. Мәтінді оқыңыз, тақырып қойыңыз.



Әнші құм, Айғайқұм – Жетісу облысы Кербұлақ ауданы жеріндегі Іле өзенінің аңғарын бойлай орналасқан Үлкен Қалқан тауы және Кіші Қалқан тауы етегіндегі құмды төбе. Ол Алматы қаласынан 250 шақырым қашықтықта орналасқан. Биіктігі 150 метрдей, ұзындығы 8 км, ені 3 км-ге дейін жетеді. Қалқан тауларынан соғатын желдің бағыты үнемі өзгеріп отыруы нәтижесінде құм түйіршіктері електеніп, бірегей құм қоспасынан тұратын төбеге айналған.

Екі жақтан соққан желдің әсерінен қозғалысқа келген кезде, одан кәдімгі сырнайdan шыққан таза ән ырғағына ұқсас әуезді дыбысты естуге болады. Шығыстан соққан желдің күші ұлғайған кезде биіктігі 150 метрлік құм таудың басына қарай шоғырланады. Осы кезде реактивті ұшақтың гүріліне ұқсайтын дыбыс естіледі. Бұл табиғат құбылысы көбіне түнде орын алады екен.

Атағы көпке тараған Айғайқұм туралы ел аузында талай аңыз-әңгімелер қалыптасқан. Аңыздың бір нұсқасы бойынша Айғайқұмдағы дыбысты іші қара ниетке толы адамның құм астында қалып, жаны қиналған-

нан қысылғанда шығатын даусы десе, екінші нұсқада дуаланған сұлудың дауысы делінеді.

Құмды таудың басына шығу оңай шаруа емес, кімде-кім таудың басына қиналмастан жететін болса, сол адамның арманы орындалады дейді. Ән салып тұратын мұндай әуезді құмтөбе дүниежүзінің алты елінде ғана бар көрінеді.

❓ 5. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әнші құм қайда орналасқан?
2. Алматы қаласынан қанша шақырым қашықтықта орналасқан?
3. Биіктігі қанша метр?
4. Ұзындығы, ені қанша км?
5. Жел соққан кезде қандай дыбыс шығады?
6. Әнші құмға байланысты қандай аңыз бар?

6. Мәтін бойынша тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Айғайқұм қандай құмды төбеден құралған?

- A) Әнші құм
- B) Шығыстан соққан құм
- C) Алматы және Жаркент тауы
- D) Қалқан тауы және Кіші Қалған тауы

2. Айғайқұмда қандай дыбысты естуге болады?

- A) құстың
- B) сырнайдың
- C) жануардың
- D) домбыраның

3. Ұшақтың гүріліне ұқсайтын дыбыс қай кезде естіледі?

- A) түсте
- B) түнде
- C) таңертен
- D) түстен кейін



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Жел тұрса, сырнай үні шығады, ал тіпті қатты жел тұрса, одан да зор дыбыстар естіледі деседі. Кейде «әнші», ал кейде «айғай» деп аталып кетуі де осыдан болуы керек. Бір жолаушыны құшақ жая әсем әнмен қарсы алса,

біреуіне ызғарланып, сес көрсеткендей күйде болады. Бізге жеткен аңыздарға сәйкес, бұл құмды Жібек жолы бойымен өтіп бара жатқан жолаушылар есту үшін, құдіретін сезіну үшін арнайы ат басын бұрып отырған.



Сәйкесінше мұндай табиғаттың тылсым күшімен жасалған дүние табиғат ескерткіші ретінде сақталып, «Алтынемел мемлекеттік ұлттық саябақтың» құрамына енген.

Осы жер туралы аңыздар ел арасында көптеп таралған. Тіпті әр ауылдың өз аңызы бар. Солардың ішіндегі ең танымал дегендерін қарастырып көрейік. Бір аңызға сәйкес бұл жерде сүйіктісіне жете алмай қалған сұлудың дауысы естіледі екен. Сол сүйіктісіне жетуге деген махаббатын осылай әлі күнге дейін жеткізеді.

Өзге аңыз бойынша бұл жерде атақты Шыңғыс хан және оның сарбаздары жерленген. Хан өзінің ерліктері туралы ұрпақтарына жеткізу үшін осы дыбысты шығарады деседі.



ТЫҢДАЛЫМ

№13



1. Сұрақтарға жауап беріңіз.
1. Әнші құмның түсі қандай?
2. Құм қай кезде ән салады?
3. Қоңыраулы тау қайда орналасқан?

8. Сөйлемдегі дұрыс ақпаратқа ✓ белгісін қойыңыз. Артық сөзді көшіріп жазыңыз.

1. Жетісу облысының Кербұлақ ауданында атақты әнші құм бар.	✓
2. Желсіз, жаңбырлы күндері құм ән салады.	
3. Құмның түсі қап-қара.	
4. Қоңыраулы таудың астында шіркеу бар.	



АЙТЫЛЫМ

9. Жүппен жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Айғайқұмда болдыңыз ба?
2. Айғайқұмға кіммен бардыңыз?
3. Айғайқұм келушілерді несімен таңқалдырады?

10. Үлгі бойынша ойды жалғастырыңыз.

Үлгі:

– Сіздің туған жеріңіз қай жер?

–

– Жетісу қандай өлке?

–

– Өнші құмда болдыңыз ба?

–



ЖАЗЫЛЫМ

11. Берілген сөйлемдерге тиісті жалғауды қойып, жазыңыз.

1. Одан шыққан үн ұшақ моторының дауысын... болып, суда жүзіп келе жатқан кеме қозғалтқышының үнін... біресе қатты, біресе жай естіледі.
2. Құм бейне өзінің өлі тыныштығын бұзғанын қаламаған... әсер қалдырады.
3. Құмның түсі алтын... сап-сары.

12. «Айғайқұм» туралы жарнама жазыңыз.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

жұмсақ – мягкий

тайпа – племя

дәуір – эпоха

табыну – поклонение

ұран – девиз

ою – орнамент

бейнеленген – изображено

тасқа қашап – высеченный в камне

тізімге енгізілген – внесен в список

тасты қашау – тесать камень

2. Берілген тірек сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Тас, тайпа, ұран, дәуір, ою.



ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Келісу/келіспеу, растау/жоққа шығару мәнді қыстырма сөздер

Сөйлемнің құрамында тұрса да, басқа мүшелермен грамматикалық байланысқа түспейтін мүше оқшау сөз деп аталады. Оқшау сөздің үш түрі бар: қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз.



Сөйлемдегі ойға жазушының, сөйлеушінің көзқарасын білдіретін оқшау сөздің түрі қыстырма сөз деп аталады.

Біздің ойымызша, бұл өте қызық кітап.

Ерекшеліктері:

Айтушының, жазушының көзқарасын білдіреді.

Басқа сөздерден оқшауланып, ерекше дауыс ырғағымен (интонациямен) айтылады.

Мағыналары:

	Мағынасы	Мысалы	Қолданылуы
1.	Адамның көңіл-күйін, сезімін білдіреді.	Амал қанша, өкінішке қарай, несін айтасың	Амал қанша, келесі автобусты күтеміз.
2.	Ойға, пікірге жорамал жасау мағынасында болады.	Әрине, әлбетте, рас, сірә, мүмкін, шамасы, расында	Расында, бұл аймақтың табиғаты керемет екен!
3.	Ойдың, пікірдің, сөздің айтылу амалын, тәсілін көрсетеді.	Қысқасы, былайша айтқанда, демек, ендеше	Қысқасы, кешке дейін жұмысты аяқтау керек.
4.	Ойға басқа біреудің немесе айтушының пікірі тұрғысынан қарайды.	Меніңше, сіздіңше, біздіңше, мен білсем, оның айтуынша, сіздің ойыңызша	Меніңше, бұл мақаланы қайта жазу керек.
5.	Көзқарас, пікірлердің өзара қатынасын білдіреді.	Біріншіден, ақырында, соңында, сөйтіп	Ақырында, барлық сұрақтардың жауаптарын таптым ғой.

3. Әрине, әлбетте, рас, сірә, мүмкін, шамасы, расында сөздерін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыз.

4. Берілген сөйлемдерге тиісті сөздерді қойып жазыңыз.

1. _____, бұл таза жаңалық болды.
2. Жетісу жері _____ тамаша екен!
3. _____ демалыс күні де жұмыс істедік қой.



ОҚЫЛЫМ

5. Мәтінді оқыңыз.

Тамғалы тас

Тамғалы тас Бетпақдала сахарасының ортасында, ұзынынан созылған таңбалы жартас. Ол Сарысу өзенінен 20 км-дей жоғары, қызыл жыңғыл орманына қарама-қарсы, биік Нұраның іргесінде орналасқан. Мұндағы тас өте жұмсақ. Жазуға да сондай қолайлы. Көне дәуірден келе жатқан Тамғалы тас жазуында Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың тасқа жазып түсірген мыңдаған таңбалары бар. Мұнда ел басқарушыларының қол қойған аттары мен ұрандары бар. Тасқа қашап түсірген әдемі оюлар, «қошқармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі» т.б. таңбалар көптеп кездеседі.

6. Сөйлемді толықтырыңыз.

1. Сарысу өзенінен 20 км-дей ...

алыс

қарама-қарсы

жоғар

2. Қызыл жыңғыл орманына ... орналасқан.

20 км-дей

15 км-дей

22 км-дей



1. Мәтін бойынша тест сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Тамғалы тас қайда орналасқанын көрсетіңіз.

- A) Орманның жанында
- B) Биік Нұраның іргесінде
- C) Бетпақдаланың ортасында
- D) Сарысу өзенінің бастауында

2. Мұндағы тас қандай болғандығын көрсетіңіз.

- A) өте ірі
- B) өте ұсақ
- C) өте қатты
- D) өте жұмсақ

3. Тамғалы таста қандай таңбалар көп кездесетінін белгілеңіз.

- A) «қошқармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»
- B) «қырықмүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»
- C) «сыңармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»
- D) «арқармүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі», «аттың ізі»



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Тамғалы тас

Жетісуда 50-ге жуық тасқа таңбаланған ескерткіштер бар. 50-жылдардың аяғында Тамғалыда тасқа таңбаланған суреттері бар әулие жер табылды. Ол жерде қола дәуіріне жататын және ерте көшпенділер мен түркілердің кезеңдеріне жататын 4000-ға жуық туристердің көз алдына



жалғыз және топтық бейнелер: арқарлар, тауешкілер, жылқылар, марал-бұғылар, сайғақтар, сонымен қатар, үй жануарлары: түйелер, жылқылар, бұқалар, иттерді кездестіруге болады. «Тамғалы тас» 2004 жылдан бері ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енгізілген.



ТЫҢДАЛЫМ

№14



8. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. «Тамғалы тас» қайда орналасқан?
2. Тастың бетінде ненің суреттері бейнеленген?
3. Зерттеу барысында қанша сурет есепке алынды.
4. «Тамғалы тас» ненің қарамағына алынды?



АЙТЫЛЫМ

9. Жүппен жұмыс. Үлгі бойынша сұхбатты жалғастырыңыз.

Үлгі: - Тамғалы таста болдыңыз ба?

-
- Тамғалы тас қай жерде орналасқан екен?
-



ЖАЗЫЛЫМ

10. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыз.

1. күншығысында, бар, Қопа бекетінің, деген жер, «Тамғалы тас».
2. ЮНЕСКО-ның, қазір, қарамағына, алынды, «Тамғалы тас».
3. атты, әдемі, 22 салт, бейнеленген, сарбаздың, суреті, өте.

11. Қыстырма сөздерді пайдаланып, «Тамғалы тасқа саяхат» тақырыбында мәтін құрастырыңыз.

12. «Тамғалы тас» туралы жарнама жазыңыз.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

теңіз жағасы – берег моря
тарихи жерлер – исторические места
ұмытылмайтын демалыс – незабываемый отпуск, отдых
шағымдану – обратиться с жалобой
шабадан – чемадан

көрнекі жерлер – достопримечательности
шағым және тілектер кітапшасы – книга жалоб и пожеланий
бірге есептеу – считать вместе

2. Демалыс, көрнекі жерлер, шипажай сөздеріне сөйлем құрастырыңыз.



ГРАММАТИКА

Жалғаулық шылаулар

Жалғаулық шылау сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп те аталады.

Олар мыналар: мен (бен, пен); да (де, та, те); не, не болмаса, яки, немесе, я, және, әрі, біресе, бірақ, алайда, әйтпесе, әйткенмен, дегенмен, сонда да, әлде, өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, т. б.

3. Сұрақтарға жалғаулық шылауларды пайдалана отырып жауап беріңіз.

1. Қазақстандағы қандай демалыс орындарын, шипажайларын білесіз?
2. Жетісудың демалыс орындарына барып көрдіңіз бе?
3. Қай жерге бардыңыз?
4. Қашан бардыңыз?
5. Жетісуда өзіңіз көрмеген керемет демалыс орындары бар ма?
6. Таныстарыңыз немесе достарыңыз айтқан немесе өзіңіз барып көргіңіз келетін жер бар ма?



ОҚЫЛЫМ

4. Мәтінді оқыңыз. Мәтінге тақырып қойыңыз.

«Текелі» шипажайы Қазақстанның Жетісу облысының Текелі қаласында теңіз деңгейінен 1050 м биіктікте орналасқан. Алматы әуежайына дейінгі қашықтық 220 км, Талдықорған қаласына дейін 30 км. Текелі Қаратал өзенінің жоғарғы жағында, Жоңғар Алатауы тау жотасының етегінде орналасқан. Текелі шипажайына барған демалушылар бос уақытында ежелгі археологиялық кешеніндегі петроглифтік үнгір суреттерін көре алады. Сонымен қатар, корей шіркеуі мен Қасиетті Троица ғибадатханасына бара алады. Қаланың сыртында Қора шатқалында Қазақстанның ең биік Бұрханбұлақ сарқырамасы ағып жатыр. Шипажай аумағында спорт алаңы мен орман саябағы бар. Бос уақытты өткізу үшін үстел теннисі, бильярд, шахмат және нарды қарастырылған, мәдени-бұқаралық іс-шаралар үнемі өткізіліп тұрады. Сондай-ақ, қонақтарға спорт залы және фин саунасы мен іскерлік іс-шараларды өткізуге арналған конференц-зал бар.

Мекенжайы: Текелі қаласы, Сәтпаев көшесі 5 «а»

Телефон: +7 (72835) 4-14-74; 4-11-45; +7 (72835) 4-11-32

5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Текелі шипажайы қайда орналасқан?
2. Шипажайға қалай баруға болады?
3. Шипажай аумағында не бер?



ЖАЗЫЛЫМ

6. Берілген суреттерді және мәтінді қолдана отырып, Текелі шипажайындағы демалысыңыз туралы басқа қалада (мемлекетте) тұратын досыңызға хат жазыңыз.



Үлгі.

Сәлем, досым!

Қалың қалай? Біз биыл отбасымызбен «Текелі шипажайы» деген шипажайға барып демалмақпыз. Бұл шипажай өте керемет екен! Суының жағасында балық аулайсың, қайықпен жүзесің, атпен серуендейсің. Жалпы Жетісудың шипажайлары керемет!

7. Берілген тапсырмаға жалғаулық шылауларды қойып толықтырыңыз.

1. Мен ата-анамды керемет шипажайға апарғым келеді ... ақшам болмай тұр.
2. Шетелдің мықты деген шипажайларына бардым, ... өз туған жерімнің шипажайына жетпейді екен.
3. Мен баратын шипажайға әріптестерім бармайды, ... шипажайды олар ұнатпайды.

Тексеріңіз

1. Мен ата-анамды керемет шипажайға апарғым келеді, алайда ақшам болмай тұр.
2. Шетелдің мықты деген шипажайларына бардым, дегенмен өз туған жерімнің шипажайына жетпейді екен.
3. Мен баратын шипажайға әріптестерім бармайды, себебі бұл шипажайды олар ұнатпайды.



АРТЫҚ БОЛМАС БЫЛГЕНІҢ

Шипажай (*лат. sano – емдеймін, айықтырамын*) – науқасты негізінен табиғи шипалы емдермен (минералды су, емдік балшық, климат), физиотерапия, диета, емдік дене шынықтырумен және режиммен емдейтін емдеу-сауықтыру мекемесі. Санаторийлар көрсететін қызмет түріне қарай: бір бағытты (белгілі бір ауруды ғана емдеу) және көп бағытты (бірнеше ауру түрін емдеу) болып бөлінеді. Шипажайда негізгі емдік факторлар: минералды су, шипалы климат. Шипажайда емделу мерзімі – әдетте 21-24 күнге созылады. Қазір Қазақстанда 100-ден астам шипажай мен аурудың алдын алу мекемелері (профилакторийлар) бар.



ТЫҢДАЛЫМ

№15



8. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Шипалы су мен емдік балшығы мол көптеген жерлер ел игілігіне қашаннан бастап берілді?

2. Қазақстанда мемлекеттік мәні бар шипажайларды атаңыз.
3. Арасанның сулары қандай ауруларды емдей алады?
4. Шипажайда қандай мамандар жұмыс істейді?

9. Мәтінмен танысыңыз, мәтін бойынша 7 сұрақ құастырыңыз.

Текелі емдеу-сауықтыру орталығында емдеудің әмбебап жүйесі ұсынылған.

Емдеу сауықтыру орталығы: тірек-қимыл аппаратының, неврология, өкпе, урология, жүрек-қан тамырлары, гинекология, асқазан-ішек жолдарының патологиясы бар науқастарға қарастырылған. Диагностика және емдеу заманауи медициналық аппараттарда жүргізіледі. Мекемеде косметолог, терапевт, кардиолог, уролог, гинеколог, невропатологтің қызметтері ұсынылады. Экологиялық таза азық-түлік, профессор Малышева әдісі бойынша диетотерапия және жайлы өмір сүру жағдайы 3-5 жұлдызды қонақ үйге сәйкес келеді (швед үстелі, кабельді теледидар, жайлы нөмірлер, хауыз, бильярд). Демалушыларға екі орынды бөлме, теледидар, жуынатын және VIP люкс бөлмелер ұсынылады.



АЙТЫЛЫМ


10. Жүппен жұмыс

1. Текелі шипажайында қандай қызмет түрлері көрсетіледі?
2. Демалушыларға неше кісілік орын бар?
3. Бұл шипажайда демалушыларды қандай әдіс арқылы емдейді?
4. Сіз шипажайда болдыңыз ба?
5. Текелі шипажайы басқа шипажайлардан несімен ерекше деп ойлайсыз?



ЖАЗЫЛЫМ

11. Берілген суреттер бойынша жалғаулық шылауларды пайдалана отырып сөйлем құрастырыңыз.





12. Мақалдарды оқыңыз, жаттаңыз.

- 1. Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.*
- 2. Шынықсаң шымыр боларсың.*
- 3. Адамның басты байлығы денсаулық.*

13. «Текелі шипажайының ерекшеліктері» атты шығарма жазыңыз.

1. Жаңа сөздермен танысыңыз.

әдетке айналдыру – сделать привычку
тынысы жеңілдеу – облегчение дыхания
денсаулықты түзету – оздоровление
сергек сезіну – чувствовать себя бодрым
ағза – организм

қуат – энергия, сила
сау адам – здоровый человек
майлық – салфетка
дәрумендер – витамины
сіңімді – впитываемый

? 2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қарапайым суды қалай пайдаланасыз?
2. Кофенің адам ағзасына қандай әсері бар?
3. Сүт тағамдарын бір сөзбен қалай атайды?
4. Дүкеннен сүттің құрамын қарап аласыз ба?
5. Балаларды саңырауқұлақпен тамақтандыруға бола ма?
6. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіз?

3. Мақалдарды оқыңыз, жаттаңыз.

1. *Ас – адамның арқауы.*

2. *Ауруға – ем, сауға – қуат, дәрі – қымыз.*



АРТЫҚ БОЛМАС БЫЛГЕНІҢ

Жаңбырлы да салқын маусым жақындаған сайын иммунитетті көтеру жайлы ойланатынымыз рас. Көп адам мұндайда дәрумендер кешенін қабылдау керек деп ойлайды. Оның ағза үшін көмегі де, керегі де көп. Дегенмен иммунитетті ас-ауқат, дәрі-дәрмексіз де көтеруге болады. Қалай дейсіз бе?

Көбірек күліңіз. Британ ғалымдары көңілді жүретін, жымия білетін жандардың жаны таза болатынын анықтапты. Олар өзгелерге қарағанда 3 есе аз ауырады екен. Ал түнеріп жүретін, жиі қобалжитын адамдар суықтауға бейім келеді.

Таңғы асты тастама. Ежелден келе жатқан бұл сөздің мағынасы тереңде жатыр. Таңғы асты асықпай ішкен адам күні бойы сергек жүреді, аз ашула-

нады екен. Дәрігерлер таңғы ас иммунитеттің қалыпты болуын қамтамасыз етеді дейді. Ал Америкалық зерттеушілер таңертең дұрыс тамақтанған адамның ісі өнімді, тапсырмаға тиянақты екенін анықтаған.

Қолыңызды жиі жуыңыз. Әр 2-3 сағат сайын қолын жуып жүрген адамға тұмау, эхинокок, басқа да жұқпалы-инфекциялы ауру вирустары өзгелерге қарағанда 40 пайыз аз жұғады.

Көбірек ұйықтаңыз. Уақытылы демалыс, дұрыс ұйықтау да ағзаның әлсіремеуіне себеп. Ұйқысы қанбайтын адамдар ашуланшақ қана емес, ұмытшақ, әрі жұқпалы ауруларға бейім келетінін білесіз бе?

Ит асыраңыз. Бұл, әсіресе, көпқабатты үй тұрғындары үшін керек. Таңертең және кешкісін итті серуендетіп, «тосып» келемін деп олар өздері де таза ауаға серуенге шыққанын сезбей қалады. Ал оның денсаулыққа пайдасы көп.

Сүйікті болыңыз. Бір уақыт еркелеп, сүйіктісімен сырласатын адамдар өзгелерге қарағанда 30 пайыз аз ауыратынын Пенсильвания штатының ғалымдары дәлелдеген.

Кешіре біліңіз. Неміс ғалымдары ақкөңіл, мейірімді жандарға қарағанда өкпені кешіре алмайтындардың 25 пайызға тез суықтайтынына көз жеткізген.



АЙТЫЛЫМ

4. Жұппен жұмыс. Мейрамханаға барып, тамаққа тапсырыс беріңіз.



ОҚЫЛЫМ

5. Мәтінді оқып, танысыңыз.

Қазақ халқы асты жоғары бағалап, «*Ас – адамның арқауы*» - деп, қадірлей білген. «*Ас тұрған жерде, ауру тұрмайды*», «*Астан үлкен емессің*», «*Ақты төкпе*», «*Нанды шашпа*», деген мақал-мәтелдер мен ырым, тыйым сөздер осының дәлелі. Қазақтың дастарқаны қашанда ет, сүт, ұн, дәнді-дақылдардан жасалған тағамдарға бай. Әрине, олардың әрқайсысы адам ағзасы үшін пайдалы. Шынында, қазақ халқы асты құрметтеудің жолын, оны әзірлеудің ретін таба білген. Қазақ халқында дастарқан мәдениеті жақсы сақталып, дастарқан басында асқа байланысты мақал-мәтелдер мен ас қайыру батасы айтылып отырған. Бұның бәрі қазақ халқының дәстүрлі сенімге негізделген ас қабылдаудың күнделікті тәртібін бейнелейді. Рас, жүйелі тамақтанбау және ағзаға сіңімді тағам пайдаланбау адам денсаулығына үлкен әсерін тигізеді.

Меніңше, қазақ халқының тамақтану ережесі туралы көптеген ұлағатты сөздері медицинада дәлелденген.

Ас - адамның арқауы, дұрыс тамақтану күніміздің сәтті өтуінің кепілі.

6. Мәтін бойынша тест тапсырмаларын орындаңыз.

1. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Ақуыздың пайдасы.
- B) Ас – адамның арқауы.
- C) Дұрыс тамақтанудың жолдары.
- D) Қазақ дастарқанының мәдениеті мен ерекшелігі.

2. Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Қазақ халқы асты жоғары бағалап, қадірлей білмеген.
- B) Адам ағзасына дәнді дақылдардан дайындалған тағамдар өте пайдалы.
- C) Қазақтар сыйлы қонақтарға мал басын көрсетіп, табақ-табақ ет тартқан.
- D) Қазақтың дастарқаны қашанда ет, сүт, ұн, дәнді дақылдардан жасалған тағамдарға бай.

3. Мәтінге сәйкес келетін ақпаратты таңдаңыз.

- A) Жалпы тағамдар ет, сүт, дәнді-дақылдардан жасалмайды.
- B) Қазақтар адам қажеттіліктерінің ішінде тағамды жоғары қойған емес.
- C) Қазақ халқы асты құрметтеудің жолын, оны әзірлеудің ретін таба білген.
- D) Ет тағамдары, сүт тағамдары, теңіз өнімдерінің адам ағзасына тигізер пайдасы жоқ.



7. Мәтінде курсивпен белгіленген сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

§ ГРАММАТИКА

Ережемен танысыңыз.

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем біртектес оқиға, құбылыстарды не бір мезгіл ішінде жүзеге асып жатқан іс-әрекеттерді білдіреді.

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер және, әрі, да, де, та, те шылаулары арқылы байланысады.

Аудан орталығында мейрамхана ашылды және оған жаңа қызметкерлер жұмысқа алынды.

Мен қазақ ұлттық тағамдарының ерекшеліктерін білемін, әрі дайындай аламын.

Ол телефонмен сөйлесіп болды да, түскі асты дайындауға кірісті.

Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем құрамындағы компоненттер жалғаулықсыз да байланысады.



Анам маған алма берді, ініме алмұрт берді.

Біз залға кірдік, жиналысты бірден бастап жібердік.

8. Тиісті жалғаулықтарды қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. мен/ бен	1. Асқар ... Марат қазақтың ұлттық тағамдарын дайындайтын мейрамханада жұмыс істейді.
2. да/де	2. Наурыз көжеге ... , бидай көжеге ... сүт өнімдері қосылады.
3. және/ мен	3. Мен даяшыға қуырдақ, шұбат ... сусынға тапсырыс бердім.
4. та/те	4. Құрт..., ірімшік... денсаулыққа өте пайдалы.
5. бен/ пен	5. Қымыз... салат жемеген дұрыс болады.
6. да/де	6. Бұл дәмханаға ауылда ... , қалада... көп адамдар келеді.

9. Суреттерді пайдаланып, мәтін құраңыз.



ТЫҢДАЛЫМ

№16



10. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәтінде қай мейрамхана туралы айтылған?
2. Мейрамханада қай елдердің тағамдарына тапсырыс беруге болады?
3. Мейрамхананың атмосферасы қандай?
4. Мейрамхана мәзірі туралы не айта аласыз?

11. Ұлттық тағамдар дайындайтын мейрамхананың ас мәзірін жазыңыз.





12. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Бренд болған қазақтың қандай өнімдерін айта аласыз?
2. Қазақтың қандай ұлттық тағамдары бренд бола алады деп ойлайсыз?
3. Ұлттық тағамдарды брендке айналдыру үшін қандай жұмыстар атқару керек?

АУДИО МАТЕРИАЛ МӘТІНДЕРІ

1. Тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

Талдықорған қаласы – еліміздегі таза қалалардың бірі. Қалада жыл сайын жаңа ғимараттар салынады. 16 қабатты «Көктем Гранд» көпсалалы қонақ үй кешені, «Бикен Римова атындағы драма театры», «Жастарға қызмет көрсету орталығының» ғимараты мен «Оқушылар сарайы», «Жастар демалыс саябағы», «Қалалық орталық демалыс саябағы» қаланың сәнін келтіріп тұр.

2. Тыңдаңыз. Мәтінде жоқ ақпаратты сызыңыз.

Тіл сарайы 2010 жылдың 13 ақпанында ашылды. Ғимараттың жалпы көлемі 1800 шаршы метр. Бірінші қабатында көлемі 70 шаршы метрлік мультимедиялық 4 оқу кабинеті бар. Әр оқу кабинеті бүгінгі заманауи үлгідегі қажетті оқу құралдарымен жабдықталған. Сарайдың екінші қабатында жиындар мен маңызды басқосулар өткізетін 75 орынды үлкен конференц залы, түрлі мәдени іс-шаралар мен семинарларды өткізуге арналған ұлттық нақышпен безендірілген 70 орындық сахналы кіші мәжіліс залы жұмыс істейді.

3. Тыңдаңыз. Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Кешіріңіз, кіруге бола ма?
- Кіріңіз. Төрлетіңіз.
- Сізбен сұхбаттасуға бола ма?
- Иә, болады.
- Аты-жөніңіз кім?
- Менің аты-жөнім – Арайлым Мұратқызы.
- Туған жеріңіз қай жер?
- Менің туған жерім –Талдықорған қаласы.
- Ұлтыңыз кім?
- Ұлтым – қазақ
- Мамандығыңыз қандай?
- Менің мамандығым – заңгер.
- Отбасыңыз бар ма?

- Иә, жолдасым, ұлым, қызым бар.
- Жолдасыңыздың аты кім?
- Жолдасымның аты – Еркін.
- Балаңыздың аты кім?
- Ұлымның аты – Арнұр, қызымның аты – Ақжан.
- Сіз қазір қайда тұрасыз?
- Мен қазір Талдықорған қаласында, Жансүгіров көшесінде тұрамын.
- Рақмет. Мен сіз туралы көп мәлімет алдым.

4. Тыңдаңыз. Диалогті тыңдап, сұрақтарға жауап беріңіз.

- Кешіріңіз, Алматыға дейін автобус неше сағат жүреді?
- Автобус Алматыға дейін 4 сағат жүреді.
- Автобус жолда тоқтайды ма?
- Иә, тоқтайды.
- Автобуска бір билет бар ма?
- Сізге қай күнге керек?
- Маған қаңтардың жиырма бесіне, кешкі уақытқа керек.
- Қаңтардың жиырма бесінде Талдықорғаннан Алматыға бір автобус жүреді.

Осы автобуска билет бар. Аласыз ба?

- Жолға өзіммен бірге неше кг жүк ала аламын?
- Өзіңізбен бірге 5 кг жүк ала аласыз.
- Билеті неше теңге тұрады?
- Автобус билеті 3000 теңге тұрады.
- Билетті қай кассада ала аламын?
- Билетті екінші кассада ала аласыз.
- Берген мәліметіңізге көп рақмет.

5. Тыңдаңыз. Диалог бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Алло, сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Бұл әуежайдың анықтама бюросы ма екен?
- Иә, анықтама бюросы.
- Астана – Талдықорған бағыты бойынша жақын аралықта ұшатын рейс бар ма?
- Кешкі сағат 20:35-те (жиырма отыз бесте) тура ұшатын Астана – Талдықорған рейсі бар.
- Бұл рейске билет бар ма?
- Бізде билеттер алдын ала сатылады.
- Қарындасым, маған бір билет өте қажет болып тұр. Қалай алуға болады?

- Ұшаққа тіркеуге бір сағат қалғанда келіңіз. Бос орын болса, билет болып қалуы мүмкін.
- Рақмет! Міндетті түрде келемін.
- Кездескенше!
- Жүздескенше!
- Кешіріңіздер! Мен осыдан екі сағат бұрын сіздермен телефон арқылы хабарласып едім. Маған Талдықорғанға бір билет керек.
- Кассаға кезекке тұрыңыз.
- Сәлеметсіз бе, бикеш! Артық билет бар ма?
- Қай жаққа?
- Талдықорған қаласына.
- Бір орын ғана бос. Рәсімдейін бе? Аласыз ба?
- Әрине, аламын. Рақмет.
- Сау болыңыздар!
- Сапарыңыз сәтті болсын!

6. Тындаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Менің алға қойған арман-мақсаттарым жетерлік. Мен армандаудан еш жалыққан емеспін. Себебі, менің анамның айтуынша, армансыз адам қанатсыз құспен тең, армандау тегін, сондықтан да армандар шексіз болуы қажет. Мен атам бата берген сайын тілек тілеймін, өзімнің армандарымның орындалуын, отбасымның амандығын, бақытты болуымызды тілеймін. Егер біз көп армандасақ, біздің кез келген арманымыз орындалады. Тек армандарымызға шын сене білуіміз қажет.

Мәселен, мен бақытты отбасын құруды, көп балалы болуды, отаным үшін еңбек сіңіруді, көп елдерді аралауды армандаймын. Мен осы армандарым үшін қызмет ететін боламын. Бауырларым мен ата-анамды ренжітпеймін. Тек өзімнің емес, басқалардың да армандарының орындалуына көмектескім келеді. Армандар шіркін, біткен бе?

7. Тындаңыз. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Алакөлде демалыс орындарының орналасу себебі – суының минералдарға бай болуында, оның құрамында Менделеев кестесінің элементтерінің көбі кездеседі, құрамы жағынан Қара және Өлі теңіздерге ұқсайды. Сондықтан бұл аймақта демалушылар емдік туризммен шұғылданады.

Көл жағалаулары тек емдік саяхаттар үшін ғана емес, тыныштықты қалайтын туристерге де көп ұсыныс жасайды. Бұл ретте Алакөл аумағындағы балық аулау мен аңшылық өте танымал.

Туризм бұл аймақта 10 шақты жылдан бері дамып келеді, сондықтан көл жағасынан комфортты қонақ үйлер мен демалыс үйлері қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, Қабанбай мен Көктума ауылдары да демалыс аймағы саналып, туристерге қызметтерін ұсынып келеді.

8. Тыңдаңыз. Мәтінді тыңдаңыз. Балқаш көлі туралы не білесіз?

Балқаш – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі үшінші орында. Жетісу, Жамбыл, Қарағанды облыстарының жерінде, Балқаш-Алакөл ойысында, теңіз деңгейінен 340 метр биіктікте жатыр. Балқашқа негізгі судың бөлігі Іле өзені арқылы келеді.

Балқаш көлінің ерекшелігі жарты бөлігі тұзды су, ал келесі жартысы тұщы су болуында.

Балқаш – жартылай тұщы көл. Суының химиялық құрамы көл гидрографиялық ерекшеліктеріне байланысты.

Судың минералдылығы мен тұздылығы бұл екі бөлікте екі түрлі. Көлге ағып келетін судың негізін Іле өзені құрайтындықтан, батыс бөлігінің суы тұщы, түсі қызғылт-сары. Шығыс бөлігінің суы тұздылау, түсі көгілдір, ашық көк. Осындай ерекше көлдің болашақта қандай болары тек бізге байланысты.

9. Тыңдаңыз. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз.

Жер жаннаты Жетісудың төріндегі Жаркент өңірінде өсіп тұрғанына жеті ғасыр болған үлкен ағаш бар. Жергілікті жұрт оны «Әулиеағаш» деп атайды. Жуандығына алты адамның құшағы әрең жететін мұндай үлкен ағаштар әлемнің үш елінде ғана бар дейді. Олардың бірі – Қытайда, бірі – Меккеде болса, үшіншісі – біздің елде.

Бұл жерден кезінде әулиелер Мекке-Мединаға сапар шеккен дейді. Солардың ішінде Шамашұрып деген әулие түнде ұйықтар алдында таяғын жерге шаншып қойыпты. Әулие таңертең тұрып қараса, әлгі түнде жерге қадап қойған таяғы көктеп, тамырланып барады екен. Құдайдың шексіз құдіретіне таң қалыпты. Міне, содан әлгі таяқ көгеріп, тамырын тереңге тартып, жайқалып өсе береді. Тамырының диаметрі 11 метрді құрайтын ағаштың бұтақтары иіріліп, жерге тиіп тұр.

10. Тыңдаңыз. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрысын белгілеңіз.

Монументалды кіру қақпалары күйдірілген кірпіштен, оңтүстік және солтүстік жақтан тұрғызылған. Қақпа биіктігі – 4,6 метр. Төбесі екі қатарлы жабылған. Қоршаудың іргесі күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Аралықтары құммен толтырылған. Жаркентте орналасқан халық арасында Уәлибай мешіті аталып кеткен «Жаркент мешіті» қытайлық және Орта Азия сәулет өнері үлгісімен тұрғызылған ескерткіш. Бұл мешітті 1892-1895 жылдары Қытай сәулетшісі Хон Пик Жаркент қаласында салған. Ол

- теңдесі жоқ архитектуралық ескерткіш. Негізгі құрылыс материалы – ағаш, 122 шырша бөренесі бір-біріне шегесіз бекітілген.

1910 жылы көптеген шығын әкелген жер сілкінісі кезінде Жаркент пен Алматыдағы мешіт пен шіркеу сол қалпында аман қалды.

11. Тыңдаңыз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

Жетісу – сулы аймақ. Су мол болғандықтан, шөбі қалың. Сондықтан «жер жаннаты – Жетісу» атанып кеткен. Жетісуда жеті өзен бар. Соның бірі – Лепсі. Лепсіні тарихтан жақсы білеміз. Өйткені Жетісу облысында салынған алғашқы қалашықтардың бірінің атауы дәл осы «Лепсі» қамалы болатын.

Лепсі – Жоңғар Алатауынан басталып Балқаш көліне барып құятын өзен. Балқашқа 5 өзен (Іле, Қаратал, Лепсі, Аягөз, Ақсу) келіп құяды. Бастауы 3 мың метр биіктікте жатыр. Тау мұздығынан бастау алады. Жер асты суымен, жауын-шашынмен толығады.

Ақсу өзенінің суы негізінен егістікті және бау-бақшаны суғаруға пайдаланылады. Өзен жағасында ежелгі Сайрам қаласының орны бар.

Басқан өзені Жетісу облысының Сарқан және Ақсу аудандары арқылы өтеді. Бастауын теңіз деңгейінен 4 мың метр биіктіктегі мұз басып жатқан Басқан тауынан алады.

Жоңғар Алатауындағы мұздықтардан бастау алатын өзен. Таудан аққан Текелі, Қора, Чажа өзендерінің қосылуынан пайда болған. Жалпы ұзындығы – 390 шақырым. Су бассейнінің көлемі – 19,1 мың шаршы шақырымды құрайды.

12. Тыңдаңыз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Қаратал – асау өзендердің бірі. Көктем мен жазда жауын-шашын көбейсе, арнасынан асып кетеді.

Қаратал – Балқашқа құятын екінші ірі өзен (біріншісі – Іле). Көлге құйылатын судың 20 пайызын құрайды. Өзен бойында бірқазан, үйрек, шағала, құтан сынды құстар мекендейді.

Суы таза, ішуге жарамды. Маңайындағы елді мекендердің барлығы осы Қараталдан су алып отыр.

Қаратал өзенінің қазақ тарихында маңызы ерекше. Қазақ хандығы алғаш Жетісу жерінде құрылғаны белгілі. Демек, алғашқы қазақ рулары да дәл осы өзен бойында қоныстанған. Қараталдың бойындағы шатқалдарда сақ пен көне түркі кезеңінде қашалған петроглифтер сақталып қалған. Петроглифтер шамамен қола дәуірінде жазылған.

13. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Жетісу облысының Кербұлақ ауданында атақты Өнші құм бар. Бұл Өнші

құмның ұзындығы екі шақырымға, ені жарты шақырымға, ал биіктігі жүз елу метрге жетеді. Құмның түсі алтын түстес сап-сары. Осы құм жел соққанда әндете бастайды.

Одан шыққан үн ұшақ моторының немесе суда жүзіп келе жатқан кеме қозғалтқышының үніндей біресе қатты, біресе жай естіледі. Желсіз, жаңбырлы күндері құм үн-түнсіз жатады. Ал басқа уақытта оны «сөйлету» қиын емес. Тек төбесіне ерінбей-жалықпай шығып алып, жүгіре жөнелсеңіз, қатты үн шығады. Құм бейне өзінің өлі тыныштығын бұзғанын қаламағандай әсер қалдырады.

Құмға байланысты аңыздар әр елде баршылық. Мысалы, Қызыл теңіздің жағасындағы Жебель-Накуттың биігіне шыққанда құм адам аяғының астында «ән» салып жатады. Бұл құмды былайша Қоңыраулы тау деп те атайды. Синай аралының тұрғындары бұл құмның астында үлкен монастырь бар деп есептейді.

14. Тындаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

Қопа бекетінің күншығысында «Тамғалы тас» деген жер бар. Тамғалы тастың жан-жағында сайлар, күнге әбден күйген жалпақ гранит тас бар. Тастың беті толған сурет. Таутеке, бұғы, киік, шошқа, жылқы, бұқалардың кескіндері сол тасқа қашалып салынған. Қолдарына ұзын найза ұстап, белдеріне қылыш асынған, кейбіреуі ту ұстаған 22 салт атты сарбаздың суреті өте әдемі бейнеленген.

Олар – VI-VII ғасырлардағы түрік жауынгерлерінің бейнесі. Археологтердің «Тамғалы тасқа» жүргізген зерттеу нәтижесінде, бұл жердің тас дәуірінде адамдардың табынатын «қасиетті мекені» болғандығы анықталған.

Зерттеу барысында бес мыңдай сурет есепке алынды. Олардың салынғанына төрт мың жылдай өткен. Қазір «Тамғалы тас» ЮНЕСКО-ның қарамағына алынып, туристер келетін мекенге айналған.

15. Тындаңыз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Бүгінгі таңда отандастарымыздың бізде емес, басқа елдердің емдеу-оңалту мекемелеріне баруы жиілеп кеткені жасырын емес. Дәл солай өзге елден туристердің Қазақстанға келуі қаншалықты? Көзтартар сұлу табиғаты мен емдік шипасы бар жерлеріміз қаншама?! Еліміз шипажайлық қорларға бай өлке. 1930-1960 жылдар арасында шипалы су мен емдік балшығы мол көптеген жер табылып, зерттеліп, қазір игілігімізге қолданылуда. 1986 жылдан бастап, Қазақстанда мемлекеттік мәні бар Бурабай, Алма-Арасан, Сарыағаш, Меркі, Манкент, Жаңақорған және Ақжайық, Алатау, Оқжетпестер өз жұмысын бастап, еліміздегі ірі емдеу орталықтарына айналды.

Бүгінгі күні шипажай сауықтыру орны – алдыңғы қатарлы емдеу әдістерін игерген, жоғары жұмыс мәдениетін және өз қызметкерінің нәзік тұстарын жете білетін, жаңа талаптарға сай мамандары бар ұжым.

Арасан шипалы суы – емдеуге қолданылатын жер асты суы. Құрамында тұздар ерітіндісі аз болатын Арасан сулары асқазан ауруларын емдеуге, ішуге, ал тұз ерітіндісі көп сулар сүйек, буын, жүйке жүйесі мен қан тамырлары сырқаттарын емдеуге пайдаланылады.

16. Тындаңыз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Алым мейрамханасында сізге ұлттық және еуропалық тағамдардың ең бай түрлерін ұсына алады. Сізге хош иісті тоқаштар мен өз кондитерлік өнімдерінің әр түрін бере алады. Мұнда Еуропалық аспазшылардың тағамдарының дәмін тата аласыз. Мейрамхананың ішкі атмосферасы үйдегідей әсер қалдырады. Шынымен-ақ мұнда бәрі үйдегідей.


Әр күн сайын бірінші және екінші тағамдардың түрлері өзгертіліп тұрады. Мәзір үнемі жаңартылып отырады, сондықтан әр келуші өз қалауы бойынша тағамға тапсырыс бере алады.


Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1929-2009.
2. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзіреттіліктері ҚР СТ 1929-2009.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
4. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен.
5. Қазақша үйренейік. Ересектерге арналған оқу құралы – Астана, Руханият, 2010.
6. Күзекова З., Масақова Г. Қазақ тіліне арналған оқу құралы. Қазақ тілі. В1 орта деңгей, 2018.
7. Тіл құрал. Орта деңгей – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
8. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді – Астана, 2000.
9. Түймебаев Ж. Грамматикалық анықтағыш – Алматы, 2019.
10. Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы – Астана: Елорда, 2000.
11. Күзекова З., Аяпова Т.Т., Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимум – Астана, Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.
12. Кейкін Ж. С. Қазақтың мақал-мәтелдері. 2015.
13. Қазақ тілі. Қысқаша грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 2013.
14. Мұсахан А.Т., Мұқанов С.М. Жетісу жауһары – Алматы, 2013.
15. Жетісу табиғаты – Алматы, Алматы облысы, Туризм басқармасы, 2016.
16. Сарыбаев Р., Қалық М., Оспанов Б. Тұңғыық сыр тұнған – қасиетті Талдықорған – Алматы, 2013.
17. Титенев В., Галунщикова У., Фокин А. Алматы облысы жолкөрсеткіші – Алматы, 2009.
18. Титенев В. Жетісу – край дружбы – Алматы, Издательство золотая книга, 2017.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1-сабақ. ҒИМАРАТТАР. СІЗ ҚАЙ ҚАЛАДАСЫЗ?.....	6
2-сабақ. ТАЛДЫҚОРҒАН. СІЗ ҚАЙДА КЕЛДІҢІЗ?.....	13
3-сабақ. УАҚЫТ. АВТОБЕКЕТТЕ.....	18
4-сабақ. МЕРЗІМ. ӘУЕЖАЙДА.....	24
5-сабақ. МЕНІҢ ОТАНЫМ. АЛАКӨЛДЕ.....	31
6-сабақ. МЕНІҢ ЕЛІМ. БАЛҚАШТА.....	35
7-сабақ. ЖЕТІСУДЫҢ ЖАУҒАРЫ. ӘУЛИЕАҒАШ.....	39
8-сабақ. ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР. ЖАРКЕНТ МЕШІТІ.....	44
9-сабақ. ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ: ЛЕПСІ, БАСҚАН, АҚСУ ӨЗЕНДЕРІ.....	48
10-сабақ. ЖЕТІСУДЫҢ ЖЕТІ ӨЗЕНІ: КӨКСУ, ҚЫЗЫЛАҒАШ, БҮЙЕН, ҚАРАТАЛ ӨЗЕНДЕРІ.....	53
11-сабақ. ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШІ: АЙҒАЙҚҰМ.....	58
12-сабақ. ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШ. ТАМҒАЛЫ ТАС.....	63
13-сабақ. САЯХАТ. ТЕКЕЛІ ШИПАЖАЙЫНДА.....	67
14-сабақ. ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫ. АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ.....	72
АУДИО МАТЕРИАЛ МӘТІНДЕРІ.....	76
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	83






Елесбаева Жанар Альмухаметовна

ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ САЯХАТ

В1 деңгейіне арналған

Редактор **С. Карыбаева**
Корректор **С. Карыбаева**
Беттеген **С. АҚЫЛОВ**

ISBN 978-601-08-3291-6



9|786010|832916

Басуға 14.11.2023 қол қойылды.
Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 5.5
Офсеттік басылыс. Әріп түрі «Times New Roman».
Таралымы 1000